

#КүшімізБірлікте

Халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ – 150



ҚАЗАҚ
РУХАНИЯТЫНЫҢ
КӨСЕМІ

5

ТҮЛҒАТАНУ



«ОЛЖАС
СҮЛЕЙМЕНОВТІ
ОҚЫҒАНДА»

6

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.02.2022

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

27.02.2022

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №22 (6157) 26 ақпан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

Азаматтарымыз бұл Одақтан нақты нәтижелер күтеді



Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер үкіметтерінің басшыларымен кездесті

Алқалы жиынға Армения Премьер-Министрі Никол Пашинян, Беларусь Премьер-Министрі Роман Головченко, Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров, Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин, сондай-ақ бақылаушы мемлекеттің өкілі ретінде Өзбекстан Премьер-Министрі Абдулла Арипов пен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

2

ОНЛАЙН БРИФИНГ

ШЫҒЫНДАР ӨТЕЛУДЕ

Зардап шеккен алматылық кәсіпкерлерден
1752 өтініш келіп түскен

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында өткен онлайн-брифингте Алматыда шағын және орта бизнеске келтірілген залалды өтеу процесінің барысы туралы айтылды. Онда Алматы қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов атқарылып жатқан жұмыстар жайында жан-жақты мәлімет берді.



2

ҚЫСҚА...

- Алматыда есірткіге қарсы Narkostop акциясы басталды.
- Алматы тұрғындарының кейбір санатына 2022 жылы атаулы және мереке күндері қаржылай көмек көрсетілмек.
- Олжас Сүлейменов жайлы арт-альбомның тұсауы кесілді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ


Азаматтарымыз бұл Одақтан нақты нәтижелер күтеді

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі кездесу геосаяси ахуалдың өте қатты ушығып тұрған кезінде өтіп жатыр.

– Біздің экономикалық одағымыз белгілі себептерге байланысты санкциялық қарсылықтардың салдарынан туындайтын саяси текетірестердің күшеюіне және оның елдеріміздің экономикасы мен қаржы жүйесіне кері әсеріне алаңдаушылық білдіреді. Валюта бағамына, төлем жүйесіне, екінші деңгейлі банктерге қатысты тәуекел-қатерлер күшейе түсті. Біз Қазақстанда дағдарысқа қарсы шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл тек басы ғана, алда өте күрделі жұмыстар тұр. Бұл жұмыстарды Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы әріптестерімізбен келісе отырып жүргіземіз деп ойлаймын. Экономикалық, қаржылық және өнеркәсіптік жүйелердегі тығыз ықпалдас-тықты ескере отырып, тәуекел-қатерлерді бағалауға және жағдайдың кері әсерін төмендетуге бағытталған экономикалық шараларды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы реттеушілерін қағыстыра отырып, экономикалық ведомстволар деңгейіндегі аталған жұмыс тобын ұйымдастыруды ұсынды. Үйлестіру жұмыстарын Еуразиялық экономикалық комиссия өз қолына алуға тиіс. Оның пікірінше, сыртқы макроортадағы күрделі жағдайға қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақ-



тың экономикалық көрсеткіштері оң қарқын көрсетуде.

– 2021 жылдың қорытындысы бойынша Одақтың сыртқы саудасы 34 пайыздан асты, ал ішкі сауда көлемінің көрсеткіші одан да жоғары, яғни 67 пайызға жетті. Бұл –

Еуразиялық одақтың ішкі сауда-экономикалық байланыстарының нығайғанын білдіретін жақсы көрсеткіш. Ішкі жалпы өнімнің жиынтық өсімі – 4,4 пайыз. Бұл болжанған көрсеткіштен едәуір жоғары. Өзара саудасаттықты кеңейту, экономика салаларын-

дағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі бағытымыздың дұрыс екеніне қуаныштымын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық үкіметаралық кеңестің күн тәртібі өте тығыз екенін атап өтті. Оның пікірінше, барлық мәселе, соның ішінде өте өзекті проблемалар жемісті әрі табысты талқыланды.

Кездесу барысында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары еуразиялық интеграцияның қазіргі және перспективті мәселелері жөнінде пікір алмасты.


Премьер-Министрлердің сөзін тыңдаған Қазақстан Президенті соңғы оқиғаларға байланысты ауқымды жұмыстар атқару керек екенін атап өтті.

– Елдеріміздің үкіметтері аса күрделі проблемаларды шешудің тиімді жолдарын табуға тиіс. Бұл өте маңызды. Еуразиялық экономикалық одақтың жұмысынан зор нәтиже күтеміз. Біз бар күш-жігерімізбен және еңбегімізбен мемлекеттеріміздің стратегиялық мүдделеріне сай келетін Еуразиялық экономикалық одақтың абыройы мен беделін сақтауымыз қажет. Шын мәнінде, азаматтарымыз бұл Одақтан нақты нәтижелер күтеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті үкіметтер басшыларына ортақ максаттар мен міндеттерді жүзеге асыру ісінде табыс тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОНЛАЙН БРИФИНГ

ШЫҒЫНДАР
ӨТЕЛУДЕЗардап шеккен алматылық кәсіпкерлерден
1752 өтініш келіп түскенҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Спикердің айтуынша, қаңтар оқиғасы кезіндегі тәртіпсіздік салдарынан бизнесі зардап шеккен 3,5 мыңнан аса кәсіпкерден өтініш түскен. Оның ішінде 85 өтініші қабылданбай, кері қайтарылған. Ол сондай-ақ, шығынды өтеу рәсімі барысында растайтын құжаттары жоқ көптеген кәсіпкерлерде сұрақтар туындағанын айтты.

«Қазір бізде тауардың бар екенін растайтын ұрланған құжаттармен туындаған жағдайды шешу бойынша қандай да бір ұсыныстар жоқ. Біз бұл мәселені кәсіби аудиторлардың, бухгалтерлердің, заңгерлердің, тергеу органдарының қатысуымен зерттеп жатырмыз және Үкіметке ұсыныстар енгізуге дайынбыз. Қазіргі уақытта кәсіпкерлер шығын сомасын екі тәсілмен растай алады: яғни салық органдарында бар айналымдардан есептеу немесе сот сараптамасын жүргізу арқылы», – деп түсіндірді А.Қошмамбетов.

Өтінім берген кезде келтірілген залалға байланысты кәсіпкер жеңілдетілген тетік бойынша (яғни сот сараптамасын жүргізбестен) өтеудің бір немесе бірнеше санатын (жылжымайтын, жылжымалы мүлік, тауарлық-материалдық құндылықтар) таңдауға тиіс.

– 23 қаңтар мен 23 ақпан аралығында Infokazakhstan сайтына алматылық кәсіпкерлерден 1752 өтініш келіп түсті. Алайда, өтініштердің кейбірі бірнеше рет қайталанған. Сондықтан Кәсіпкерлер палатасы аудандық әкімдіктермен бірге зардап шеккен кәсіпкерлерді анықтау жөнінде жұмыстар жүргізіп, өтемақы төлеу сомасының қорытындысын шығарды. Тексеріс қорытындысы бойынша, 1413 кәсіпкердің бизнесі зардап шеккені анықталды. Оларға келтірілген шығын 34 316 437 000 теңге. Қазіргі уақытта арнайы комиссиямен 755 өтініш қаралды, ол 1,2 млрд. теңге болады, – деп атап өтті ол.

Спикер сондай-ақ, өтініштердің 317-сі сауда саласына тиесілі екенін жеткізді. Оның айтуынша, бұзақылар негізінен зергерлік бұйымдар дүкені, ұялы телефон, киім-

кешек және басқа да сауда нүктелеріне зақым келтірген. Атап айтқанда, бизнес орталық бойынша – 34 өтінім, қоғамдық тамақтану нысандары бойынша – 26 өтінім, ломбард – 4, бағалау компаниясы мен лизингті терминалдар бойынша – 9 өтінім мақұлданды. «Мемлекет басшысының Бизнеске жедел көмек көрсету тапсырмасын іске асыру аясында жеңілдетілген тетік бойынша төлем сомасы 10 млн. теңгеге дейін ұлғайтылды, сондай-ақ өтінімдерді қарау мерзімі екі есеге – 1 айдан 2 аптаға дейін қысқартылды.

Өтем сомасын есептеу рәсімімен келіспеген жағдайда өтініш беруші қылмыстық іс жүргізу кодексі шеңберінде сот сараптамасының қорытындыларын қоса бере отырып, жүгінуге құқылы.

Ол зардап шеккен бизнесті орналастыру үшін алаңдар бөлінгенін айтты. Мысалы, «Байзақ» бизнес-орталығы 10 кеңсе орнын, Fifty four коворкинг-орталығы 50 жұмыс орнын, «Qaynar Bulaq – Алматының қайнау көзі» коворкинг-орталығы 15 жұмыс орнын ұсынды.

Бұдан басқа, «Наркостоп» жобасының еріктілері мен «Света вокруг Света» оқу орталығы зардап шеккен екі орын мен қала әкімдігін тазалауды ұйымдастырды. ҚР ЖИҺАЗ және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары қауымдастығы ШОБ зардап шеккендерге корпустық жиһаз дайындауға көмек көрсетті. ҚР Сәулетшілер, дизайнерлер және құрылыс индустриясының өзге де кәсіби қатысушылары қауымдастығының мүшелері екі кәсіпкерге арналған жұмсақ жиһаз дайындауға тегін көмек көрсетті. Өз кезегінде «КӨМЕК-Астана» ЖШС медициналық мекеме қызметкерлеріне өзіндік құнынан төмен бағамен 1583 костюм дайындауға көмектесті. Тағы бір «Ар Шона» кәсіпорны терезелерді қалпына келтіру үшін қаражат бөлді. Алматылық бизнесмендердің бірі екі кәсіпкерге 500 000 теңге көмек көрсетті.

Қаңтардағы оқиғалардың нәтижесінде Қазақстанның шағын және орта бизнес өкілдері миллиардтан асатын шығынға ұшырағаны белгілі. Үкімет алдында ел экономикасын тұрақтандыру міндеті тұр. Әсіресе, Алматыдағы күрделі жағдай, онда бүгінгі күні өтініштердің жартысы қаралды. 10 наурызға дейін ШОБ өтінімдерінің 90%-ын қанағаттандыру жоспарланып отыр.

Айтуар Қошмамбетов жакын арада Алматының іскерлік ортасы қалпына келетініне сенім білдірді.

ЖҮЗДЕСУ

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН
КЕЗДЕСТІ

Алматыға жұмыс сапары аясында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Айдос Сарым, Айгүл Құспан және Жұлдыз Сүлейменова қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен кәсіпкерлермен кездесіп, залалды өтеу бойынша төлемдер мен өтемақыны жеделдетудің өзекті мәселелерін талқылады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Зардап шеккен кәсіпорындардың бірі – DasAutoService ЖШС, оқиға барысында мародерлердің шабуылына ұшыраған еді. Аталмыш автосервис иесі Кирилл Нагиев 6 жыл бойы автомобильдерді жөндеумен және автобөлшектерді сатумен айналысып келген, әрі жөндеу орнын жалға алған. Орын алған жағдайдан кейін жұмысшылары осы уақытқа дейін жалақы алмай отырған көрінеді.

– Біздің автосервисімізде клиенттердің 9-ға жуық көлігі болған еді. Олардың барлығы өртеніп кетті. Олар да тексеруден өтіп, залалды өтеуге өтініш береді. Біз шығын сомасының тек 40 млн. теңгесін ғана дәлелдей алдық. Қазір өтінім мақұлдау кезеңінде. Барлық құжаттар мен диагностикалық жабдықтар жанып кеткендіктен, дәлелдей алмағанымыз қаншама, – дейді К.Наги ев.

Жаппай тәртіпсіздік кезінде автосервисіте болған автокөлік иелерінің өтініштері электрон-

дық платформада тіркелген, қазір олар да қаралып жатыр. Сонымен қатар, жаппай тәртіпсіздік барысында 2 автокөлік ұрланды.

Автосервис ғимаратының өзіне келетін болсақ, қазіргі уақытта ғимараттың қолданыстағы параметрлерін сақтай отырып, қайта құруға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Автосервис иесі ЖСҚ және сараптамалық қорытынды үшін қаржылық тұрғыда төлеу мүмкіндігі жоқ екенін жеткізді.

Кездесуде Мәжіліс депутаты Айдос Сарым: «Бұл жағдайдың күрделілігі – мұнда иесі біреу болса да, бір бизнес аясында 10-нан астам қосалқы жалға алушы жұмыс істейді. Бұл кейс бойынша бізде түсіністік бар – ең бастысы, кәсіпкерде алдағы жоспардың көрінісі пайда болды. Біз аудан әкімдігімен келіскеніміз бойынша бүгін-ертең иесіне нақты жоспар-кесте ұсынылуы керек. Онда қашан, қай мерзімде, қандай сараптамалар жүргізу керектігі көрсетіледі. Біз де мұны бақылауға аламыз, қала-лық қызметтердің жұмысын жеделдететін боламыз», – деді.



ТАҒЫМ

АХАҢНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ шет елде де тойланбақ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл Париж бен Ыстамбұлда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған іс-шаралар өтеді.

Бұл туралы ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда мәлімдеді. «Ахаң қазақтың ұлт болып сақталып қалуы үшін тілдің орны айрықша екеніне зор мән берді. Оның: «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашқанын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» деген сөздері – соның айқын дәлелі. Ахаң ұлттық әліпбиімізді әзірлеп, оқулықтар жазды, тіл ғылымына түрлен салды. Тілдің ұлтты сақтаудағы орасан зор маңызын жұртымыздың санасына сіңіре отырып, қазақ тілін ғылымға бейімдеді. Осы тарихи еңбегінің арқасында ол қазақ тіл білімінің атасы, ұлт ұстазы атанды. Ахаң негізін қалаған тіл ғылымы оның есімін атауға тыйым салған кеңес дәуірінде де жаппай қолданыста болды», – деді Ерлан Қарин.

Оның айтуынша, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарында Ахмет Байтұрсынұлы енгізген терминдер мен ұғымдар ешқашан өзектілігін жоғалтпайды.

«ЮНЕСКО көлемінде және еліміздің барша өңірінде өткізілетін мерейтой шараларына баршамыз белсене атсалысуымыз қажет. Парижде және Ыстамбұлда арнайы іс-шаралар ұйымдастырылады. Түркістанда халықаралық конгресс өтеді, басқа да жұмыстар жоспарланған. Соның бәрінде Ахмет Байтұрсынұлының мол мұрасы мен қайраткерлік қызметі дәріптеліп, лайықты баға беріледі деп ойлаймын», – деді Мемлекеттік хатшы.

«ҰЛТ ҰСТАЗЫ» кітабы таныстырылды

Алматыда ағартушы ғалым, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлт ұстазы» кітабы таныстырылды.

Туындының авторы – белгілі жазушы Серікбай Оспанұлы. Еңбектің жарыққа шығуына Түркі мәдениеті халықаралық ұйымы ұйытқы болған. Халқымыздың ұлы тұлғаларының бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, аса көрнекті мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы биыл ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтеді. «Тұлғаны жақын тану мақсатында жарыққа шыққан шығарманың оқырман үшін маңызы жоғары», – дейді қаламгерлер.

«Бұл кітап А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы, тағдыры мен қоғамға қосқан орасан зор үлесі жөнінде жазылған», – дейді ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Алматы қаласы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен Мемлекеттік қызмет істері департаментінің кезекті Ашық есік күні Әуезов аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында өтті.



Динара
МҰРАТ

Бұл жолғы қабылдауға Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық ахуалымен танысып, Президент жүктеген тапсырмалардың орындалу барысын көріп-білу мақсатында өңірімізге келген Парламент депутаттары мен бірқатар мемлекеттік органдардың лауазымды өкілдері қатысты. Құзырлы органдар өкілдері мәселемен жүгініп келген азаматтарға келелі кеңестерін берді.

Қоғамдық қабылдау өтетіні жайлы әлеуметтік желілерде алдын ала хабарланғандықтан, аталмыш кездесуге алматылықтар көптеп жиналды. Тұрғындар мемлекеттік қызметтер ғана емес, толғандырған басқа да көптеген сұрақтармен келді.

Солардың бірі, қала тұрғыны, 3-топ мүгедегі Наталья есімді азаматша пәтері бірінші қабатта болса да, үйдің лифті пайдалану бойынша 300 мыңнан аса берешек жиналып қалғанын айтып, шағымдана, тағы бір арбадағы азамат қаладағы көп нысандарда пандустардың жоқтығын алға тартты. Енді бір тұрғын үй маңында ашылған көлік тұрағының күні-түні тұрғындар тыныштығын алатынын айтып, шағымданды. Бұл мәселелерді Әуезов аудандық әкімі аппаратының басшысы Дәурен Халықов қаперіне алды.

Есілігіндегі жеріне жаңа акт алған азамат екі жыл өтсе де, ескісі нотариус базасынан шығып тұрғанын, жаңасын алғанда ескісі неге жойылып кетпегенін айтса, екінші бір тұрғын пәтерінде өзге адамдардың тіркеліп тұрғанын, ол үшін коммуналдық төлем төлегенін, енді сол төлемдерді қайтару жолын білуге келген. Бұл азаматтардың мәселесін анықтаған «Азаматтарға арналған үкімет» МК Алматы филиалының директоры м.а. Абдура-

Тұрғындар мәселесі оң шешімін табады



сул Құлдашев электрондық ақпараттық базалардан кеткен қателіктер екенін, оған ХҚО мамандарының қатысы да, қолжетімділігі де жоқ екенін айтты.

«Тұрғындар құжаттарын ХҚО-ға өткізіп, осы жерден нәтижесін алатындықтан, барлық қиындықтар мен қателіктерге ХҚО мамандарын кінәлап жатады. Бірақ ол құжаттардың барлығы тиісті уәкілетті органдарда өңделіп, дайын болғанда ХҚО-ға келеді. Қателіктер, бас тартулар сол уәкілетті органдар тарапынан болуы мүмкін. Сондықтан қызмет алушылардың шағымдарын қанағаттандыру үшін тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс істеп, мәселелерінің оң шешілуіне ықпал етеміз. Осындай қабылдаулар да сол үшін ұйымдастырылуда», – дейді Абдусул Максұдұлы.

Азаматтардың әлеуметтік қам-

сыздандыру, жер кадастрын тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша сұрақтарына Азаматтарға арналған үкімет мамандары жауап берді. Кейбір өтініш иелерінің мәселелері бойынша жауапты мекемелерге тапсырмалар беріліп, орындалуы бақылауда болатыны ескертілді.

Бірқатар өтініштер бойынша мәжілісмен Елнұр Бейсенбаев тиісті министрліктерге мәселе қойып, шешілуіне атсалысатынын мәлімдеді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру шеңберіндегі мұндай қабылдаулар өзге аудандарда да жалғасады. Біз алағыз қабылдауларға мемлекеттік органдарды көптеп тартатын боламыз. Бүгінгі күндері 4-5 мемлекеттік мекеме өкілдері қатысса, келесі жолы олардың қатары өседі. Себебі, сұрақтармен келіп жатқан азаматтардың мәселелерін дер кезінде шешу үшін тиісті мекемелер өкілдерінің қатысу қажеттілігі туындап отыр», – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы департаментінің басшысы Ильдар Үйсінбаев.

Ашық есік күніне келген 100-ден аса азамат сұрақтарын билік өкілдеріне бетпе-бет отырып жеткізе алды. Қабылдау барысындағы сындарлы диалогта мәселелері шешіліп, нәтижеге қанағаттанған азаматтардың көңіл күйі мұндай шаралардың қажеттілігін дәлелдендей.

БӘРЕКЕЛДІ!

Білімпаздар бәсекесі



Досбол
АТАЖАН

XVIII Халықаралық Жәутіков олимпиадасында Қазақстан оқушылары 97 медаль жеңіп алды. Жүлденің 13-і алтын, 21-і күміс және 63-і қола.

Жеңімпаздар Astana IT University және ҚБТУ сияқты жоғары оқу орындарының атаулы сыйлықтары мен білім беру гранттарына ие болды.

Биылғы жарысқа әлемнің 21 елінен 1200-ге жуық

жоғары сынып оқушылары қатысты. Бұл – халықаралық Жәутіков олимпиадасына қатысушылардың рекордтық саны. Қатысушы елдердің қатарында Қазақстан, Түркия, Ресей, Румыния, Норвегия, Үндістан, Болгария,

Грузия, Вьетнам, Индонезия, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Өзбекстан және т.б. мемлекеттер бар. Сайысқа Қазақстан атынан 200-ден астам оқушыдан құралған 32 команда қатысты.

«Халықаралық Жәутіков олимпиадасы қазақстандық және шетелдік мектеп оқушылары арасында жыл сайын танымал болып келеді. Биыл байқауға қатысушылардың саны 2021 жылмен салыстырғанда, 200 адамға көп болды. Олимпиада кезінде қатысушылар математика, физика және информатикадан күрделі есептерді шығарады. Мұндай зияткерлік сайыстар балалардың білімдерін тереңдетіп қана қоймай, оларды топта жұмыс істеуге, достық қарым-қатынас орнатуға үйретеді», – дейді Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебі директорының м.а. Алмас Ордабаев.

Халықаралық олимпиада ҚР БҒМ қолдауымен Алматы қаласында Республикалық физика-математика мектебінің базасында өтті.

ҰБТ



Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Қаңтар айындағы ҰБТ-да талапкерлердің 70%-ға жуығы шекті балл жинады. Бұл былтырғы көрсеткіштен 20%-ға жоғары. Ал 68 балды құраған орташа балл өткен жылмен салыстырғанда, 7%-ға артқан. Ең жоғары балл 135 болды.

Қаңтардағы ұлттық бірыңғай тестілеуді барлығы 102 мыңға жуық түлек тапсырды. Оның ішінде 78,3%-ы қазақ тілінде, 21,5%-ы орыс тілінде, 0,16%-ы ағылшын тілінде тестілеуден өтті.

Жыл басындағы ҰБТ-ға арнайы білім беруді қажет ететін 99 бала қатысты. Былтыр осы уақытта көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған 33 талапкер тест тапсырған болатын. Сонымен қатар, биыл алғаш рет арнайы қажеттіліктері бар түлектерге тестілеу тапсырмаларын орындау үшін негізгі 240 минуттан бөлек, тағы қосымша 40 минут уақыт берілді. Осы түлектер үшін сызбаларсыз, диаграммаларсыз және схемаларсыз тест нұсқалары да арнайы әзірленді.

«Қаңтардағы ҰБТ 25 қаңтар мен 22 ақпан аралығында 42 өңірлік тестілеу орталығында осымен екінші жыл қатарынан электронды форматта өтті. Тестілеу

Бастапқы нәтиже

кезінде талапкерлер сұрақтарға қайта орала алады және қағаз бланк толтыруға уақыт жұмсамайды. Осылайша ҰБТ нәтижелері жақсарып, орташа балл айтарлықтай өсті. Сондай-ақ, электронды формат тестілеудің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Орнатылған камералардың арқасында тестілеу кезінде ереже бұзу фактілері де айтарлықтай азайды. Түлектердің басым бөлігі өзіне және өз біліміне сенетіні қуантады», – дейді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Өткен жылдың ҰБТ-сымен салыстырғанда тыйым салынған заттарды алып кірушілердің саны азайған. Смартфондарды, шпаргалкаларды және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тестілеуден өту мүмкіндігінен 90 талапкер айырылды. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда үш есеге аз.

ҰБТ үш деңгейлі жүйе бойынша өткізіледі: Face ID жеке басын сәйкестендіру арқылы, жеке куәлік бойынша, сондай-ақ тестілеу орнында жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі. Биыл тестілеу алғаш рет «бір компьютер – екі камера – бір тестілеуші» қағидасы бойынша өткізілді. Егер бұрын тестілеу барысы әр компьютердің үстінде орналасқан бір ғана камерадан бақыланса, енді ҰБТ кезінде жеке тұлғаны сәйкестендіруге және бөгде адамдардың кіруіне жол бермеуге мүмкіндік беретін екінші (алдыңғы) камера орнатылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан барлығы 229 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды.



ТҰЛҒА

ҚАЖЫРЛЫ, ҚАЙСАР ЖАН ЕДІ...

Алматының төрінде тұрған «Қазақстан» қонақүйі, Алатаудың төсінен орын тепкен «Қазақфильм», «Орбита» ықшамаудандары мен Үлкен Алматы каналының құрылысы және жаңа үлгідегі автоматты телефон станциясы Кеңес Аухадиев басшылықта болған қарбалас та шалт қимылдарға толы сол жылдардың жемісі.



Мен Кеңес Мұстаханұлының Алматы қаласына қатысты ерен еңбегінің кейбір тұстарын ғана сөз етпекпін.

1970 жылы Алматы қаласындағы Совет (қазіргі Алмалы) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Бұл сол кезгі астананың ең үлкен ауданы. 12 ірі өнеркәсібі, жүздеген ұйымдары мен мекемелері халыққа қызмет көрсететін. Коммунистердің саны да көп еді. 19 мыңға жетіп жығылатын. Комсомол жұмысында әбден ысылған, жан-жақты тәжірибе жинақтаған қажырлы да қайсар жан өзіне жүктелген салмақты да жауапкершілігі мол істі абыроймен атқарды. Қаланың қақ ортасындағы ауданның сәулетті де дәулетті болуы үшін күш-жігерін аямады.

Кеңес Мұстаханұлының тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі оңтүстік астанасы – Алматыға сіңірген еңбегін сөз еткенде, оның осы мың жылдық тарихы бар шаһардың тізгінін тікелей өз қолына алған кезде танытқан қажыр-қайратын айту парыз. Жар құлағы жастыққа тимей тер төкті. Алматының сыртқы және ішкі көркін қалыптастыруға, салынатын үйлердің әсем де мықты болуына күш салды.

Алматыдағы құрылысы бірінші қолға алынған көпқабатты «Қазақстан» қонақүйін салудың да өзіндік тарихы бар. Қала басшылығына келісімен Кеңес Мұстаханұлы Димаш Ахметұлы Қонаев шақырады. Алматының сейсмикалық ауданда тұрғанына қарамастан мұнда көпқабатты үйлер салуға жоғарыдан рұқсат болғанын, тездетіп құрылысты бастау қажеттігін, ол үшін зәулім ғимараттар құрылысын қай жерден бастаған жөн болатынын келіседі. Бірінші басшының бөлмесінде Орталық Комитеттің хатшысы Мұстахым Ыксанов пен Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров бар екен. Ақылдаса келе Алматының бас даму жоспарына байқау жариялау жайында тоқтамға келеді. Байқауда Қарағанды құрылыс-жобалау институтының бас сәулетшісі Нұрбақыт Қойшыбековтің жобасы қабылданады. Осылайша Алматыда тұңғыш рет 25 қабатты «Қазақстан» қонақүйі бой көтерген еді.

Кеңес Аухадиев қай салада қызмет атқарса да жастарға көңіл бөліп, қамқорлық көрсетіп отыруды үнемі жадынан шығармайтын еді. Ылғи да: «Жастарға жасалған қамқорлық – келешекке қосылған үлес» деген сөзді жиі айтатын. Жалған-ай десейші, оның дүние салғанына да қырық күн өте шығыпты... Сексеннің сенгірінен асып, ел ағасы атанып өмірден озған мемлекет және қоғам қайраткерінің тәлімін алған, тәрбиесін көрген көзі тірі замандастары мен шәкірттері тәуелсіз еліміздің бүгінгі мен болашағы үшін аянбай еңбек еткен мемлекет және қоғам қайраткері Кеңес Мұстаханұлы Аухадиевтің игілікті ісін, жарқын бейнесін ұмытпайтыны хақ.

Тұрсынғазы МЕДЕТБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



ТӨЛЕМ-КӨМЕК

Алматы тұрғындарының кейбір санатына 2022 жылы атаулы және мереке күндері қаржылай көмек көрсетіледі. Бұл туралы Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы мәлім етті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы баспасөз қызметінің мәліметінше, қала мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі №347 шешіміне сәйкес, биыл халықтың әлеуметтік осал топтарының келесі санаттарына біржолғы төлем жасауды жоспарлап отыр.

9 мамыр – Жеңіс күніне орай төлем алатын тұрғындар:

– Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне (олардың мәртебесі «ардагерлер туралы» заңмен белгіленеді) – 500 мың теңге;

– ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, сондай-ақ басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан ардагерлерге – 100 мың теңге;

– Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің жесірлеріне беріледі.

Бұл жағдайда қайтадан отбасы құрмаған әйелдер жесір деп саналады. Оларға 100 мың теңге көлемінде көмек көрсетіледі. Ауғанстанда немесе басқа мемлекеттерде соғысқан әскери қызметшілердің ата-аналары мен жесірлеріне – 100 мың теңге.



БАҒДАРЛАМА

Депозитке сыйақы қосылады

Дәл қазір әлемнен маза қашты. Жаһан назары – Украина мен Ресейде. Саяси ахуал күрделі.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Осы орайда Қазақстан Үкіметі жеке тұлғалардың жағдайын ойлап, жедел іс-әрекетке көшіп, арнайы бағдарлама қабылдап үлгерді.



МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

Алда – алматылықтар

Өткен жылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Kaspi және Halyq Bank-пен бірлесіп, ХҚО-ларда мемлекеттік бажды QR көмегімен төлеу сервисін енгізді.



Динара
МҮРАТ

Бір жыл ішінде қазақстандықтар QR кодты 700 мыңнан астам рет сұратып, 2,8 млрд. теңгеден астам сомаға төлем жасаған. Мемлекет басшысы 2021 жылғы қыркүйектегі Жолдауында мемлекеттік қызметтерді алу кезіндегі проблемаларға назар аударып, бұл процестерді толығымен цифрландыруды тапсырған болатын. QR код арқылы төлем жасау сияқты сервистер азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу жолын жеңілдетуге көмектеседі. Қазір QR кодтың көмегімен 146 түрлі мемлекеттік қызметтің ақысын төлеуге болады. Болашақта бұл тізім одан әрі толықтырылады.

«Сервис енгізілген сәттен бастап бөлімдердегі кассалар жүктемесі төмендеді. Клиенттер уақытын үнемдеп, оператордың алдында отырып-ақ қызмет ақысын төлейді, әрі QR код

Мерекеге сый



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай Алматыда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына қатысып, кейін ақталғандарға төлем жасалады. Оларға 150 мың теңге көлемінде көмек көрсетіледі.

Сондай-ақ, келесі мерекелерге 1 млн. теңге көлемінде әлеуметтік көмек қарастырылған:

– Жаңа жыл – 1-2 қаңтар;
– 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;
– Наурыз мейрамы – 21–23 наурыз;
– 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;

– Астана күні – 6 шілде;
– Конституция күні – 30 тамыз;
– Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсан.

Бұл көмек тұрғын үйге мұқтаж көпбалалы отбасыларға ғана көрсетіледі. Бөлінетін сома тұрғын үй сатып алуға арналған, ол «Отбасы банкінің» шотына аударылады.

Дәлірек айтсақ, Үкімет пен Ұлттық Банктің мәлімдеуінше, мемлекет есебінен жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 10% өтемақы (сыйлықақы) беріледі.

Үкімет ұсынған бұл бағдарламаға 2022 жылғы 23 ақпанға дейін бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банкте, сонымен қатар «Отбасы банкте» ашылған жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері қатысады. 10% өтемақы (сыйлықақы) бір адамның әрбір банктегі 20 миллион теңгеден аспайтын 2022 жылғы 23 ақпанға дейін ашылған депозитіне беріледі. Өтемақы 12 айдан кейін есептеледі және оған жеке табыс салығы салынбайды.

Мұндай сыйлықақыны алудың тағы бір талабы бар, ол – депозит 2023 жылғы 24 ақпанға дейін жатуы керек. Егер шарт бойынша депозиттің мерзімі оған дейін аяқталатын болса, онда оны аталған уақытқа дейін ұзартуы керек. Депозиттің бір бөлігін алған кезде өтемақы 20 миллиондық лимитті ескере отырып, қалған сомаға есептеледі. Бұл бағдарламаға қатысу үшін салымшы депозиті жатқан екінші деңгейдегі банкке барып өтініш беруі қажет.



арқылы төлем жасалғанда комиссия алынбайды», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы директорының орынбасары Әсем Болатбекова.

QR төлемді белсенді қолданғандардың ішінде Алматы қаласының (72 052) тұрғындары көш бастап тұр, екінші орында қарағандылықтар (63 278), одан кейін тізімде астаналық тұрғындар (54 354). QR кодтың көмегімен мемлекеттік қызметтердің баж алымын ең аз төлегендер – Атырау (23 080) мен Солтүстік Қазақстан облысындағылар (23 449). QR код арқылы мемлекеттік баж алымын төлеу Kaspi және Halyq Homebank мобильді қосымшалары арқылы қолжетімді.



● ТҰЛҒАТАНУ

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Өткен жылы қазан айында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының төрағалығымен өткен Мемлекеттік комиссия отырысында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспар бекітілгені белгілі.

Жоспарға орай, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұраларын халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейде насихаттау мақсатында көптеген ғылыми, мәдени-ағартушылық, акпараттық-имидждік іс-шаралар қамтылған.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясының арнайы қарарымен 2022-2023 жылдарға арналған

мен қатар, А.Байтұрсынұлов атындағы Қостанай өңірлік университетінде, Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінде, І.Омаров атындағы қазақ драма театрында, «Достық үйінде» және Балалар шығармашылық үйінде Ахметтану дәрістері ұйымдастырылады. Өңірдегі Жастар сарайында Ахмет Байтұрсынұлына арналған мерейтойдың ашылу рәсімі басталады. Салтанатты іс-шара шеңберінде өтетін әдеби-сазды кеште



• Ұстаздың «Әдебиет танытқыш» деген еңбегі қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми-теориялық зерттеу болып саналады. Ол әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауға өз үлесін қосты. Халық тілінің бай қорынан мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді.

• Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңғыртқан оның «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған. Ол Абай өлең-

болашағы үшін қызмет етті, сол күресте баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет құндылық екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. 1913–1918 жылы Әлихан Бөкейханмен және Міржақып Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкеліп, халықтың рухын оятты.

Ахмет Байтұрсынұлы «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуына ұйытқы болған тұлғалардың бірі. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. «Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Ол ізгі іс енді ғана басын алып тұрғандықтан мен басымды тек қана менің тілегімді қанағаттандыратын

құрамына еніп, 1920-1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде жұмыс жасады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жалпыреспубликалық жоспарға сәйкес қолға алынар шаралар тізбегі көп. Ералы Тоғжанов мәлімдегендей, биыл мерейтой аясында Елордада, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс орталықтарында Ұлт қайраткерінің еңселі ескерткіші орнатылады деген сенімдеміз. Қостанай облысы, Жангелді ауданының Ахмет Байтұрсынұлы ауылындағы тұлға өмірге келген үйді қалпына келтіріп, жәдігерлермен толықтырып, музей-үй етіп ашу және Байтұрсын әулетінің қорымын қоршауын жаңарту, Қостанай облысының аумағында Ахмет Байтұрсынұлының мемориалдық кешенін салу, Ахмет Байтұрсынұлы ауылына баратын жолды күрделі жөндеуден өткізу, Қостанай облысындағы «Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби мұражайын» абаттандыру жұмыстарын жүргізу қолға алынбақ. Сондай-ақ Қостанай облысындағы Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген Сарытүбек қонысы аймақтық маңызы бар киелі жерлер тізіміне енгізілгені айтылды. Жыл бойы еліміздің оқу орындарында ғылыми-практикалық конференциялар, оқулар, т.б. іс-шаралар ұйымдастырылады. ТҰРКСОЙ ұйымы мүшелерінің қатысуымен халықаралық Түркологиялық конгресс өткізу жоспарланған. Алаш қайраткерінің шығармашылығы бойынша білім беру орындарында ашық сабақтар, тақырыптық конкурстар өткізілмек. Сонымен қатар, Ұлт ұстазының таңдамалы еңбектерін орыс, ағылшын және түрік тілдеріне аудару, ғылыми еңбектерінің толық жинағының 12 томдығын баспадан шығару, Ахмет Байтұрсынұлының және «Алаш» қозғалысының басқа да қайраткерлерінің еңбектерін шет елдердің архивтерінен іздестіріп, ғылыми айналымға енгізу бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілмек. Ахаңның өмір жолы жайлы көркем фильм түсіру де жоспарға енген.

Ахмет Байтұрсынұлының оңтүстік астанамыздағы музей-үйі Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 мамырдағы №51 шешіміне сәйкес жеке меншіктен коммуналдық меншікке алынғаны белгілі. Енді аталған жоспарға сәйкес бұл ұлттық құндылығымыздың ғылыми-реставрациялық шаралар үшін ғылыми-жобалау құжаттамасы әзірленіп, а б а т а н д ы р у ж ұ м ы с т а р ы жүргізілмек.

Ұлт ұстазы Қазақ Елінің әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатары-

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Қазақ руханиятының көсемі 1872 жылдың 5 қыркүйегінде қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ұлы Жыланышқы өзенінің Ақкөлге құяр сағасында – Сартүбек деген жерде Ахмет Байтұрсынұлының кіндік қаны тамған қара шаңырақ бар. Сартүбек – Байтұрсынның қыстауы болған құтты жер.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алашорда үкіметінің мүшесі, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, төл әліппеміздің тұңғыш авторы, тұңғыш терминолог, тұңғыш фонетик, тұңғыш лексиколог, тұңғыш әдебиеттанушы, тұңғыш публицист.

халықаралық мерейтойлар тізімі қабылданып, оған Қазақстанның ұсынысымен ұлт ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы да енген еді.

Жалпыреспубликалық жоспарға сәйкес биылғы ақпан айының соңғы күндері Елордамызда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының ресми ашылу салтанаты өтеді деп белгіленген. Алаш қайраткерлерінің рухына тағзым ету де осы күндер енісінде. Ұлт реформаторының туған өлкесі Қостанайда кешелі бері – 25-26 ақпан күндері «Қостанай Плаза» сауда – ойын-сауық орталығында «Ұлттың ұлы ұстазы» атты интерактивті іс-шара ұйымдастырылуда, онда Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері оқылып, мектеп оқушылары дайындаған әдеби-көркем композиция көпшілік назарына ұсынылған. Мереке күндері қала тұрғындары Алаш арысының мерейтойына орай ұйымдастырылған концерттік бағдарлама мен театрландырылған сахналық қойылымды тамашалайды. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған викториналық-сауалнамалық ойындарға да қатысады. Сонымен қатар, дәл осы күндерге «Маса» YouTube-жобасының тұсаукесері жоспарланған.

Ахмет жылының ашылуы аясындағы негізгі іс-шаралар алдағы дүйсенбі – 28 ақпанда басталады. Рәсімге Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғали, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ербол Тілешов, Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы мемориалдық музей-үйінің директоры Райхан Имаханбет және басқа да белгілі тұлғалар арнайы қатысады деп күтілуде. Дүйсенбі күнгі мерейтой шараларының тізбесі төмендегідей: Қостанай облысының қалалары мен аудандарындағы ұлт ұстазының ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылады. А.Байтұрсынұлов атындағы Қостанай өңірлік университетінде «Ұлт ұстазы» атты «дөңгелек үстел» басталады. Соны-

Ахаңның ән-күйлері орындалып, өлеңдері оқылады. Сондай-ақ, І.Омаров атындағы Қостанай қазақ театры дайындаған кеменгер өмірінен алынған театрландырылған қойылым көпшілікке ұсынылады.

• Елінің тағдырының келешегіне алаңдап, қазақ даласының әртүрлі аймақтарында мектептер ашып, ұстаздық қызметпен айналысып, қазақ жастарының рухани көсеміне айналған Ұлт ұстазы: «Өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді», – деп халқын оқуға, өнер-білімге шақырды.

Алаш ардақтысының ұлттық тіл мен әдебиет салаларын ғылыми негіздеудегі еңбегі өте зор. Қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қамданып, оны пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазуды» ұсынды. Ол «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» атты еңбектері арқылы қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліппі жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. «Жаңа емле» атты жаңа әліппе қазірде Қытай, Ауғанстан, Ресей, Ирандағы қазақтардың ұлттық графикасына негіз болып отыр.

• «Оқу құралы» – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделгендіктен, қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.

• «Тіл – құрал» атты оқулығы фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналған бөлімдерден тұратын қазақ тіліндегі тұңғыш оқулық және қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі десек, қателеспесіз. Бұл оқулық қазақ тіл білімі салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу еңбек. Ғалымның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды.

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Ахмет Байтұрсынұлы 1890 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895–1909 жылдарда Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мұғалімдік қызмет атқарып, 1909 жылы саяси қозғалыс үшін Семей түрмесіне жабалып, жер аударылады. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін осы басылымның редакторы болды.

1919 жылы Қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшесі. 1922–1925 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі.

дерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындыра білді.

Ахмет Байтұрсынұлы, сондай-ақ, орыс әдебиетінің тұлғалары Пушкин мен Лермонтов өлеңдерін қазақ тіліне шебер тәржімалады. Бұл аудармаларға сарапшылар идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар ретінде баға береді.

• 1905 жылы жазылған, 14500 адам қол қойған әйгілі «Қарқаралы петициясы» авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Бұл петицияда жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Петиция қазақтардың жерін экспроприациялануын доғаруды талап етті. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған А.Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабалды.

А.Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. «Жұрт ұқпа, ұқпа, сың жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін», – деп ел

билікке иемін», – деп Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге барып, Кеңес үкіметімен келіссөз жүргізді, шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскке жер аударылып деп ұйғарылды. 1934 жылы Максим Горькийдің зайыбы Екатерина Пешкованың қолдауымен босатылып, Тамскіде айдауда жүрген жұбайы Бадрисафамен бірге Алматыға қайта оралады. 1937 жылы 8 тамызда «халық жауы» деген жаламен тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. 1988 жылы ақталды

орынбасары болып тағайындалды. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің 1919 жылғы 27 тамыздағы Қостанай уезін Челябин облысына қосу туралы шешіміне қарсы Ахмет Байтұрсынұловтың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды.

Ол 1920 жылғы тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің

нан ойып тұрып орын алуын мақсат тұтты. Сол жолда басын бәйгеге тігіп, талай «тар жол, тайғақ кешу-лерден» өтті. Ұрпағы үшін ел болудың, елдіктің барометрі болар мол мұрасын қалдырды. Олай болса, ЮНЕСКО деңгейінде ұлықталатын ұлы тұлғаның мерейтойын абыроймен атап өту Алаш ардақтысының бүгінгі ұрпағына сын.

Т. ДЕРБЫСАЛИН.

(Дереккөз: Уикипедия ашық энциклопедиясы).

ТҰЛҒАТАНУ

«ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТІ ОҚЫҒАНДА»



Алматыда ТҮРКСОЙ түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымының қолдауымен жарық көрген «Олжас Сүлейменовті оқығанда» атты кітаптың таныстырылымы өтті.

Тұсаукесер рәсімі Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында болды. Шараға белгілі өнер, қоғам қайраткерлері, студенттер, БАҚ өкілдері қатысты. Жиынды ашқан ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов танымал ақын, қоғам қайраткері, Еңбек Ері Олжас Сүлейменовті жаңа туындының шығуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайының директоры Гүлмира Шалабаева кітаптың авторы әрі демеушісі ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, ал баспагері Берік Барысбеков екенін атап өтті.



Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері,
ақын:

– ТҮРКСОЙ ұйымының елдер арасында татулықты орнатуда еңбегі үлкен. Сонымен бірге, әлемнің басқа халықтарының көзқарасына әсер ету жағдайы бар. Ол – шындық. Бұл ұйымның түркі халқына жасап жатқан көптеген жақсылықтарын айта кеткен жөн. Түрлі мәдениет пен халықты жақындасуға өте маңызды. Сонда ғана әлемде бейбітшілік болады. Бүгінде мәдениеттер жакындасуының халықаралық онжылдығының да аяқталып қалғанын көріп отырмыз. Әлемде бірлікті ту ететін осындай бастамалар көп болуы тиіс.

Ал баспагер Берік Барысбеков еңбегі арқылы қазақтың шығыстың әйгілі тұлғаларына ескерткіш орнатты десе болады. Әрине, мұндай жұмыстар ТҮРКСОЙ қамқорлығымен жасалды. Бұлар осы ізгі дәстүрді жалғастырса деймін. Жалпы, мәдениеттердің жақындасуы ТҮРКСОЙ-ды қоса алғанда, ЮНЕСКО мен басқа да әлемдік ұйымдардың мәңгілік тақырыбы болып қала береді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ,
ТҮРКСОЙ Бас хатшысы:

– Біздің мәдениетіміз бен өнеріміздің тамыры тереңде жатыр. Тіпті, ғасырлар қойнауымен астасып, бір-бірімен қабысатыны анық. Мұндай алмасулар күллі дүние жүзіне ортақ. Біз де осы дүниенің бір бөлігіміз. Түркі халықтары өзінің айрықша қырлары, дәстүр-салты, т.б. өте бай. Ол жағы баршамызға мәлім. Халықтар достығы, мәдениет алмасу саласында көп жылдардан бері түрлі игі шаралар жасалды. Әлі де жалғасын табары сөзсіз. Енді жиынға келер болсам, мұны күнделікті жасалып жатқан жиындардан ерекше дер едім. Себебі, аңыз адам, қазақ халқынан шығып әлемді тамсандырған нар оғлан Олжас Сүлейменовтің кітабының тұсауын кесу – үлкен мәртебе деп білеміз. Ағамыздың бойындағы қасиеті, дарыны күллі адамзаттық деңгейге көтерілді. Бұл жағы тарих парактарына енді.



Гүлмира ШАЛАБАЕВА,
Әбілхан Қастеев атындағы республикалық өнер
мұражайының директоры:

– Бұл туындыдағы әр өлең ағылшын тілінде жазылған, себебі, әлемді қазақ халқының мәдениетімен таныстыру керек болды. 2000 данамен басылып шыққан кітап дүние жүзіне тарап кетті. Сондай-ақ, әр өлең суретпен бірге берілген. Мұндағы мақсат – оқырманның сана-сезімін оятуға арналды. Мұнда Салихитдин Айтбаев, Евгений Сидоркин, Досбол Қасымов, Мейіржан Нұрғожин, Николай Газеев, басқа да түркітестес елдердің суретшілерінің еңбектері жинақталған.

Сондай-ақ, халқымыздың көрнекті тұлғасы, жазушы Олжас Омарұлымен кездесіп отырғанымызға ризамын. Ғасырында бір туатын кемеңгер каламгердің кітабының тұсауы кесілді. Дәл осындай тарихи сәт біздің мұражайда орын алды. Баршамыз әлемге әйгілі адаммен жүздесіп отырғанымызға қуаныштымыз деп ойлаймыз. Осындай игі шаралар жалғасын таба беруіне тілектеспіз.



Берік БАРЫСБЕКОВ,
баспагер:

– Мен өзімді өте бақытты санаймын. Өйткені, ірі тарихи тұлғамен бір заманда ғұмыр кешудеміз. Бұл кісі талай рет өзінің қайраткерлігін көрсете білді. Қоғамның тыныс-тіршілігіне атсалысты. Елдің дамуында өзіндік үлесі бары анық. Жалпы, мәдениет пен өнер адамзат үшін ерекше, тіпті айрықша. Қоғамды үйлестіретін ерекше сала дер едік.

Негізінен, баспагерлік істе қызықты, аса жауапкершілікті талап етеді. Бұған дейін данышпан ақын Абайдың, Әлішер Науаидің еңбегін де басқанбыз. Енді міне, сондай дәстүр жалғастығы орнап, Олжас ағамыздың 85 жылдығына орай кітабы шығарылды. Қарапайым іс сияқты көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері жетерлік.

Бұл туындыны жарыққа шығарарда автормен көп ақылдастым. Біз оған кітаптың макетін ұсынғанда, қатты қуанды. Сонымен қатар, бұл автордың өзі алғысөзін жазған жалғыз туынды болды.

Дайындаған Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.


НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

**Қош
келдің,
көктем!**

Қыстың соңғы күндері де қош айтыспак. Іле-шала күлімдеген көктем аяқ басады. Азулы қыстың соңғы күндерін қызықты да баянды өткізу үшін Алматы шаһары сіздерге түрлі шара дайындап қойды. Ал біз сіздерге демалыс күндеріңізді жоспарлауға көмектесеміз.



Абстракция мен бейнелілік

дың бесеуінде түпсана ойынына ұқсайтын сұйық және өткір формалар комбинациясы, әсіресе қорқынышты түстер мен қиялды еске түсіретін тұрақсыз бейнелер басым. Адамның бейнесі бұл жерде тек көрінер-көрінбес бейнеленген. Ілгертері бар саусақтар мен қозғалатын тізе-шынғағы бар антропоморф көріністер, сұр-сары түсті пішінді мазасыз құбыжық бейнелері мен пішіндері үрей туғызады. Суреттер өткір, сергек әрі мәнерлі болып көрінеді.

Суретші қиындыққа қарамастан, түпсанадағы көріністерді бейнелеу, «қас-қағым сәттерді тоқтату» сияқты шеберлікті өзіне міндет етіп қойған сияқты. Ол метафизикалық және философиялық проблемаларға мән берген. Бұл жерде болып жатқан оқиғадан гөрі адамның кайғысы, өмірдің жұмбағы, айналадағы құбылыстардың беймәлім болуы туралы рухани мәнге не мазмұн байқалады. Адамның ішкі күйінің тұрақсыздығы мен құбылмалылығы туындының «Өткел» деген атауға сұранып тұрғанын көрсетеді.

22 ақпанда бастау алған көрме 1 айға созылады.

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі Алмас Нұрғожасовтың «Өткел» атты сурет көрмесін ұсынады. Экспозицияда мазмұны жағынан мағыналас жаңа жеті триптих орын алған. Көрме Игілік Құлбаевты еске алуға арналған.

Экспозиция сюжеттері абстракция мен бейнелілік шегінде тұрған жеті көлемді триптихтен құралған. Олар-



Сандық экспозиция

Заманауи технологиялардың дамуымен біраз дүние қолжетімдірек бола түсті. Ал пандемия сандық өнерге жаңа дем бергендей. Қазір мұражайлар мен көрмелер есігін айқара ашқанымен, кейбір көрмелерді онлайн тамашалауға болады. Мысалы, «Қытай авангарды және Орталық Азияның қазіргі заманғы өнері» атты цифрлық өнердің онлайн-көрмесіне бет бұрсаңыз болады.

Ұйымдастырушылардың басты мақсаты – Орталық Азия өнері мен Қытай авангардының туындылары тоғысатын иерархиясыз кеңістік құру. Көрме Қытай мен Қазақстанның ұқсастығына балама көзқарасты ұсынады.

Ниет білдірушілер Чжан Сюань, Сергей Маслов, Нұрбол Нұрахмет, Молдақұл Нарымбетов, Ербосын Мелдібеков, Суй Цзяньго, Фан Лицзюнь және Сәуле Сүлейменованың жұмыстарын artsteps.com атты сайтта тегін көре алады.

Бес бойдаққа не керек?



Көрнекті жазушы-драматург Т.Нұрмағамбетовтің «Бес бойдаққа бір той» комедиясы ұлттымыз үшін маңызын жоймайтын ұрпақ тағдыры мен оның болашағы мәселесін күлкі призмасынан қарастырады. Бес бойдақ – Қырманбай шал және оның ұлдары. Жер ортасынан ауғанда кемпірі дүние салған Қырманбай ұлдарының тұрмыс тыныс-тіршілігіне қарны ашады, сондықтан өз әулетінің ертеңіне алаңдаулы болса, ұлдары әкесін үйлендірмекке әлек.

Бүгінгі күн мәселесін ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарастыратын, әзілге толы қойылымда әсем ән мен қазақы қалжыңдар жалпы атмосфераны жандандыра түседі.

Өтетін уақыты: 27 ақпан, 18.30.

Өтетін жері: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры.



САХНА

Ақпан айының 23–26 жұлдызында М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында «Премьералар апталығы» ұйымдастырылды. 4 күнге созылған шарада жас режиссерлардың шығармашылық еңбегі көптің көңілінен шығып, лайықты бағаланды.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Іс-шарада Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев бастаған қонақтар қатарында еліміздің мәдениет және өнер саласының белді өкілдері, театр басшылары, бірнеше өнер ұжымы бой көрсетті. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі атынан ықылас гүлі жолданды. Сонымен қатар, театр ұжымын сәтті премьерасының өтуіне орай Алматы қаласының әкімдігі де ықылас гүлімен құттықтады.

«Алатаудың бөктерінде, театрымыздың төрінде ұйымдастырылып жатқан іс-шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен театр өнерінің майталмандары жиналды. Көрермен назарына ұсынылған тың дүниелердің авторы, режиссерлары, актерлары – жастар. «Болашақ – жастардың қолында» демекші, жаңа толқынға сенім білдіріп, еңбектерін бағалап жатқан жайымыз бар», – дейді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

«Премьералар апталығының» шымылдығын ашқан «Қан мен тер. Ақбала» спектаклі жоғары деңгейде өтті. «Біздің трактоуымызда бұл махаббат үштігіне, адамның ішкі құндылығына, адамның жалпы қоғамның адам өміріне деген қарым-қатынасына құрылған. Соған байланысты осы спектаклімізді қойып отырмыз», – деді «Қан мен тер. Ақбала» спектаклінің режиссері Әридаш Оспанбаева. Спектакльдегі басты кейіпкерлердің бірі Ақбаланы сомдаған актриса бұл рөлге бекітілгеніне қуанғанын, алайда іштей қобалжғанын жасырмады. «Бір қызығы, мен бұл театрда қанша рөл сомдасам, соның барлығы көбіне шетелдік шығармалар болып келеді. Ал бұл – мен сомдаған үшінші қазақ қызының образы», – деді актриса, «Құрмет» орденінің иегері Назгүл Қарабалина.

Апталықтың екінші күні көрермендер назарына «Қытайдан жеткен сәлемдеме»



ТЕАТР ӘЛЕМІ

халықтың рухани мұрасы



драмасы ұсынылды. Қойылым сонау кеңес заманы орнап, қазақ-қытай шекарасы қайта шегеленген уақыттарды баяндайды. Жүрегінің бөлшегі шекараның арғы бетінде қалып қойған, сағыныштан құса болған

адамдардың астаң-кестең жан-дүниесін театр ұжымы шебер жеткізе білді. «Бұл – драматургияға алғаш қадам бастырған шығарма. Бізді қолдап, жастығымызға қарамай демеу білдірген театр ұжымына ал-

ғысымызды білдіреміз», – дейді драматург Жақсылық Мұратбек.

Үлкен сахналарға лайықты екі бірдей монодрама бір кеште кіші залда көрермен қауымға ұсынылды. Жансая Бауыржанқызының «Қайдасың, мама?», А.Батырқызының «Бейтаныс-таныстар» моноспектаклі жүректі елжіретті. Тағдыр ағыны бірде сыртқа тепсе, бірде бауырына тартады, бірде лапылдаған тозақ-жалын болып қамаласа, кейде біртоға, бұйығы сезімге айналып, тығырыққа тірейді, дыбыссыз ышқындырады. Осындай сәттерде адам баласының қасынан табылатын ана екендігін қойылым айқындай түсті. «Қойылымнан ерекше әсер алып қайттым. Арасында көзіме жас та келді. Жастардың еңбегіне тәнті болдым. Ата-анамды сағынып ауылға кеткім келіп кетті. Сараның рөлін сомдаған Зәуре Көпжасароваға ерекше алғысымды білдіремін», – дейді көрермен Әсел Рузібайқызы.

Екінші спектакль әйел адамның көңіл күйінің құбылмалы тұстарын, бірде көктем, бірде күз болатынын айшықтай түседі. Сіздерді әйел атты симфонияны тыңдап, оның тағдыр құпиясын бірге ашуға шақырамыз. «Әйел адамның мұңы мен зары да өткішші жауын іспеттес, қазір төпеп құйып бергенмен, іле-шала жадырап шыға келеді. Бұл – оның бір келбеті. Тағы бір сипаты – түпсіз терен тұңғиық, сиқырлы да сырлы әлем. Ол жақтың сап-сары сазы да, қоңыр әуен бояуы да өзгеше», – дейді Бейтаныс жанның рөлін сомдаған актриса Баян Қажынабиева. Ерекше бір айта кететін жайт, спектакльде жалғыз актриса төрт әйелдің образын сомдайды.

Премьералар апталығы Дулат Исабековтің «Мақшар түнгі махаббат» мистикалық драмасымен аяқталды. Шығарма қазақ даласына келген қызыл төңкерістің көшпенділерді ғасырлар бойы қалыптасқан үйреншікті даму ырғағынан жаңылдырғанын, біраз жұрттың шекара асып, атамекенін тастаса, енді біразы жаңа өкіметтің сойылын соққанын бейнеледі. Сондай-ақ, қоғамдағы мәжбүрлі өзгеріс адами құндылықтарға салқынын тигізгенін көрерменге жеткізді.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Қолөнер
жәрмеңкесі күтеді

Алматыда қолөнер жәрмеңкесі ашылады. Жәрмеңкеде табиғи тастардан жасалған әшекейлерді, ағаштан және керамикадан жасалған ыдыстарды, қолдан жасалған қуыршақтар мен ойыншықтарды, алматылық және ұлттық сувенирлерді, киізден жасалған бұйымдарды, қолдан жасалған бас киімдерді, ағаштан жасалған бұйымдарды, брошьюлар мен белгішелерді, сондай-ақ күмістен жасалған зергерлік бұйымдарды таба аласыз.

Жәрмеңкеге қазақстандық шеберлер қатысады. Қонақтар жақындарына, әріптестері мен серіктестеріне жаңажылдық сыйлықтар сатып алуға, сондай-ақ бір-біріне жылы лебіздерін жаудыруға мүмкіндік алады.

Уақыты: 26, 27 ақпан.

Өтетін орны: Алматылық арбат, Жібек жолы даңғылы.

Қысты шығарып
саламын десеңіз...

Осы жексенбіде бір топ энтузиастар Мұз әлеміне – Богданович мұздығындағы үңгірге таулы «серуен» жасамақ. Бұл мұздық Тұйықсуға қарағанда әлдеқайда қолжетімді. Талғар асуына дейін ұзындығы 9 шақырым, ал биіктігі 1500 метр болатын арқан жолмен жетуге болады. Асудың биіктігі 3165 метр. Оған жеткеннен кейін мұздыққа апаратын жақсы жолмен жүріп, Комсомол шыңына жетуге болады. Мұздыққа жақын жерде жолдағы тас шөгінділер де жоғалады. Жартастармен бір сағатқа жуық баяу қарқынмен жүріп, мұздықтың шетінде, нунатақ деп аталатын жерде – кішкентай жартасқа жетесіз.

Мұздықта орналасқан аталмыш Үңгірдің өзі теңіз деңгейінен 3300 метр биіктікте орналасқан. Ол Қазақстан аумағындағы ең үлкендерінің бірі болып саналады.

Уақыты: 27 ақпан, сағат 8.00.

Жиғалу орны: «Медеу» мұз айдыны.



Арман жолында

Қаламыздың кинотеатрларында отандық кино, Бақытжан Жиенәлінің «Почти мачо» фильмінің көрсетілімі басталды. Кинофильмде сіз отандық жұлдыздардың біразын көре аласыз. Басты рөлде – Дастан Оразбеков. Сондай-ақ, фильмге Кәмшат Жолдыбаева, Әбунасыр Серіков, Жанна Қуанышева, Әбілмансұр Серіков, Индира Әділбаева, Данагүл Темірсултан және басқалар түскен.

Фильм 33 жастағы тіс дәрігері Дамирдің оқиғасын баяндайды. Ол ұзақ уақыт күткен ұсыныс – АҚШ-тың Принстон қаласындағы беделді медициналық орталықта жұмыс істеуге шақырту алады. Алайда, анасы оған қиын талап қояды – ол үйленіп, болашақ әйелімен бірге ұшуы тиіс немесе сол күйі елде қалады. Дамир өзінің пациентінен белгілі бір танысу агенттігі бар екенін біледі. Дәл сол жерде Ардақ атты жаттықтырушы оған көмектесуге дайын. 2 айда ол мәселенің байыбына барып, шешім қабылдай ала ма, жоқ па... Жауабын фильмді өз көзіңізбен көргеннен кейін ғана біле аласыз.

Динара МҰРАТ.



● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Елімізде біраз уақыт күн жылып, жердің бәрі балшыққа айналғанымен, көп уақыт өтпей бүкіл республикаға қалың қар жауды. Тіпті, Жамбыл облысы, Нұр-Сұлтан қаласына баратын жолдардың бәрі жабылып, жолда қалған көліктерді қар басып қалды. Ауа райының қолайсыздығынан көптеген жол бекеттерінде көлік қозғалысы шектелді. «Қазгидромет» РМК-ның алдын ала хабарлауынша, атлантикалық циклонның және оған байланысты атмосфералық фронтальдық бөліктердің әсерінен енді республикамызда нөсер жауын-шашын болады деп күтілуде.



ТАСҚЫНҒА ТОСҚЫН БОЛСА ИГІ немесе су апатына төтеп бере аламыз ба?

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Үнемдеудің жолы көп

Алдын алу жұмыстарын жүргізу керек

Алда көктем келе жатыр. Күн күрт жылынып, қалың қар ерісе, оның үстіне, жауын-шашын жауса, еліміздің көптеген аймақтарын су басатыны жасырын емес. Жылда қайталанатын су апатына биыл төтеп бере аламыз ба? Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары еліміздегі кейбір ауылдарды су басу әдетке айналды. Көктем келе салысымен Алматының маңындағы ауыл тұрғындары әбігерге түсіп жатады. Еріген қар суына таудан аққан су қосылып, Алматы қаласының төменгі бөлігінде орналасқан ауылдардың көшелеріне жайылып, тіпті үйлеріне дейін кіріп кетеді.

Өкінішке қарай, оқиға аяқталғаннан кейін шауып келетін үнді киноларындағы полицейлер сияқты біздің төтенше жағдайларды қадағалайтын ведомство өкілдері оқиғаның болары болып, бояуы сіңгеннен кейін қимылдап жатады. Жалпы, бізде қандай да бір алдын алу жұмыстары жүргізіле

Осылайша тұрғындар бүгінгі күні қараусыз қалған ауыл ішіндегі арықтар мен арналардан зиян шегіп отыр. Егер еріген қар суы мен таудан аққан сулардың арнасын қалыпқа келтіріп, ауыл ішіндегі арықтарға көше бойлап ағатын жағдай жасасак, ауыл тұрғындары оларды бау-бақша жұмыстарына пайдаланса, қазіргі беталды ағып жатқан кезінен әлдеқайда пайдалы болар еді. Көше бойлап сылдырап аққан су көшенің де әрін кіргізеді. Ал қала ішіндегі арықтарды қалыпқа келтіріп, жауын-шашын суларын белгілі бір сүзгіден өткізу арқылы көлік жуатын мекемелер кәдесіне асырса, қаншама таза су үнемделер еді. Өкініштісі сол, бұған әзірге ешкім мүдделілік танытып отырған жоқ.

Бұл ретте ең бастысы, жергілікті билік халықты жұмылдыра білуі тиіс. Иә, су тасқыны – табиғи апат, дегенмен «табиғи апат» екен деп, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Алдын алу шараларын жасап, халықты да апатпен күресуге дайындау жергілікті әкім-қаралардың міндеті. Өздерінде қаржы мен техника болмаса да, халықты жұмыл-



ме? Мүмкін су басудың алдын алу үшін кейбір қауіп жоғары аймақтарға қазірден бастап төтенше жағдай жариялау керек шығар? Себебі, қар еріп, сай-саланы су басып қалғаннан кейін төтенше жағдай жариялау тым кеш болады. Егер қазірден бастап төтенше жағдай жарияланбаса, қажетті техникалар мен қосымша қаржыны керек кезінде алу қиындайды. Күн жылитын да уақыт алыс емес. «Суға кеткен тал қармайдының» кебін кимес үшін ертерек қамданған жөн секілді.

Суағарларды көбейткен жөн

Жұртшылық қазірдің өзінде көктемнің келуін қорқынышпен күтіп отыр. Өйткені, олар күннің күрт жылынуымен айналадағы еріген қар суына таудан аққан су қосылып, әбігерге түсеміз бе деп алаңдайды. Көктем сайын Алматы қаласының төменгі бөлігінде орналасқан «Боралдай», «Өжет», «Қайназар» ауылдары түгіл, қаланың жоғарғы, тауға жақын бөлігіне орналасқан «Абай», «Іргелі», «Көлсай» ауылдарының да көшелері мен жергілікті суға толып кетіп жатыр. Көшеден аулаға кірген су үйлердің іргетастарын үгітіп жіберетін болды. Әдетте еріген қар суы мен ағынды сулар суағарлар мен арықтар арқылы белгілі бір өзен, тоған суларына қосылып жатуы тиіс еді. Бірақ бізде жердің бәрі қалай болса, солай сатылғандықтан, суды ағызып әкететін суағарлар бітелді. Ал «Алтын орда» базарының қасындағы үлкен тоғандар қоқысқа толды.

дырып, апаттың зардабын азайтуға болады. Алдын ала еріген қар суының бетін әрі қарай бұруға жоғарыдан көмек күтудің соншалықты қажеті жоқ.

Рас, биыл ылғалдың мол түсуі апатты жағдай тудыруы әбден мүмкін. Алайда, сол апаттарға қарсы тұра білмесек, біздің елдігіміз қайсы?! Алдағы уақытта осылардың бәрін саралай келе, дұрыс шешімдер қабылдауға бет бұрмасақ, мұндай апаттардан арыла алмаймыз. Сондықтан мұндай жағдайларда ұйымдастыру жұмыстарын жұмыла жүргізу керек.

Нөсер жауынның өзінен көлге айналатын Алматы көшелерінің күйі биылғы жауған қалың қар күрт ерісе, не болмақ?! Өсіресе, таулы аймақтарда орналасқан елді мекендердің жағдайы қалай болады?

Жалпы, ауылдар түгіл, Алматы қаласының ішіндегі жауын-шашын суларын бұрып әкететін жерасты суағарларының жетімсіздігі, ал бұрыннан бар суағарлардың бітеліп қалуы салдарынан бүгінде қала көшелеріндегі асфальт беттерінің әрқашан кілкіген суға толып тұратынын байқаймыз. Бұл, жалпы, суағарлар мәселесінің бүгінгі күні кешенді түрде шешілуі тиіс маңызды мәселе екендігін айғақтайды. Әзірге жергілікті жердегі ауыл әкімдері де мәселені көре тұра, халықты жұмылдырып, арналардың көзін ашуға құлықсыздық танытып отыр.

Сондықтан көктем туа тағы да су басқан тұрғындар айқайынан құлақ тұнатын секілді. Бұл ретте тек төтенше оқиға орын алғанда ғана қимылдайтынымыз өкінішті.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айдар ПАЗЫЛОВ,
Іргелі ауылының тұрғыны:

АРНАСЫН ТАППАЙ ҚАЛДЫ

Негізі, бұрын таудан аққан су мен еріген қар суларын егістікке қарай ағызып жіберетін арнайы арықтар болған. Бірақ қазір ол жердің бәрі сатылып, тұрғындар үй тұрғызды. Арықтың бәрі бітеліп, таудан аққан су бұрынғы арнасын таппай, көшелерге жайылып жатыр. Арық жасау алаңдатырлық жағдайға жетті. Бұл жерде бар кемшілікті тұрғындарға артудың керегі жоқ. Себебі, осындай қауіпті аймақтардан жер берерде жергілікті әкімдік қайда қараған?

Тұралы ДОСЫМОВ,
қала тұрғыны:АРЫҚТАРДАН СУ ЕРКІН
АҒУШЫ ЕДІ

Жылда көктемде елімізде су тасқыны орын алып жатады. Жергілікті билік бұған айтарлықтай қаражат шығындап, адам күшін бөліп, бөгеттер салады. Қираған үйлерді қалпына келтіреді. Бірақ су тасқыны мұнымен шешілмейді. Мемлекеттік деңгейде жан-жақты талдау жүргізіліп, табиғи апаттың алдын алу мәселесі кешенді түрде қарастырылуы тиіс. Кезекті су тасқыны қашан болады деп қарап отырмай, әрбір үйді сақтандыру қажет. Үкімет бұған ерекше мән беруі тиіс.

Сонымен бірге, су тасқыны қауіп бар аймақтарға тұрғын үй салуға жер телімін берген шенеуніктер жазалануы керек. Шеткі ауылдарды айтпағанда, Алматының өзінде қардың ерігені емес, қатты жаңбыр жауса, көшелерді су алып жатады. Кеңес заманында оңтүстік мегаполисте суды бұрып әкететін арықтар жүйесі керемет болды. Қала арықтарында су еркін ағып жатты. Ал қазір арықтардың бір бөлігі бұзылған, асфальтталған. Кейбір тұстарда суағарлардың іші қоқысқа толып жатыр. Оның үстіне, Алматыда жыл сайын өсімдіктері бар аумақтар, жаңбыр суы есебінен суарылатын саябақ аймақтары азайып келеді. Сондықтан су асфальт бойымен ағуда. Жаңа шағынаудандарда арық жүйесі жолға қойылмаған. Осыларды ретке келтірген жөн.

Бақытжан ҚАЛМАХАНҰЛЫ,
Төтенше жағдайлар басқармасының
аға инженері, Азаматтық қорғау майоры:

КӨШПЕЛІ ГОСПИТАЛЬ КЕРЕК

Өткенде Алматы – Өскемен, Алматы – Жамбыл және тағы басқа көптеген ұзын жолдарда қардың қалыңдығынан көліктер орта жолда қалып, адамдар қыстың суығына ұрынды. Тіпті, кейбір жолаушылардың құлағына дейін үсіп қалғаны әлеуметтік желілерде жарияланды. Бізде Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағында жиырмаға жуық госпиталь бар. 300-ден аса медициналық пункт жұмыс істейді. Бірақ бізге дер кезінде шұғыл қимылдайтын көшпелі госпиталь керек.

Себебі, әр елдің өзіне ғана тән ерекшеліктері мен қауіпсіздік стратегиясы болады. Қазақстанның территориясы өте үлкен болғандықтан, госпитальдардың біршамасы көшпелі формаға енуі керек. Бізде мұндай госпитальдар жоқ. Апат орын алғанда жақын маңдағы өзге санаттағы ауруларды емдеуге арналған жергілікті ауруханаларды аузы-мұрнынан толтырғаннан мәселе шешілмейді. Егер апат ірі қалаларда орын алатын болса, шалғайда орналасқан госпитальдардан еш қайыр болмайды. Сондықтан көшпелі госпитальдар жұмысын жандандырып жөн.



ШОРТ-ТРЕК



АБЗАЛ АЙТҚАН АЙЫП

Биылғы ақ олимпиадада шорт-тректен 4-орын алған Абзал Әжіғалиев қысқы спорт түрлеріндегі басты мәселелерді қозғап, пікір білдірді:

P.S.

Мәдениет және спорт министрлігі бұл мәлімдемеге жауап қатып, Абзалдың айтқандарын жоққа шығармады. ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев:

– Әрине, оның кейбір сөздері рас. Мұз айдындарының біразы бүгінде жеке адамдардың қолына өтіп кеткен және оны ұлттық құрамаға беруде әртүрлі мәселелер туындайды. Соған қарамастан Мәдениет және спорт министрлігі де, Ұлттық Олимпиада комитеті де коньки тебу федерациясымен бірлесіп, бұл мәселенің шешімін іздеуде, – деді.

– Олимпиада қызуы басылмай тұрғанда қысқы спорт түрлеріндегі басты мәселелерді қозғап өткім келеді. Еліміздің барлық аймақтарында мұз айдындары бар. Бірақ олардың ешқайсысы әлемдік стандарттарға сәйкес келмейді. «Алау» алаңы ғана біз дайындық жасау үшін тиімді. Оның өзі жеке қолға берілген. Сондықтан оларға өзін-өзі асырау үшін ақша маңызды. Сапалы мұз айдыны бізде ғана емес, жас спортшылар мен балаларда да жоқ. Одан кейін олимпиада алтын қалай талап етесін.

Тағы бір мәселе – қажетті құрал-жабдықтың болмауы. Бізге жаттығу велосипеді, қуат өлшегіш, гейч сынды қарапайым жабдықтар керек. Бірақ министрлік біздің сұранысымызды орындай бермейді. Әкелгеннің өзінде қиындық туды деп кеш жеткізеді. Олимпиадашыларға жарысқа жарты жыл қалғанда ғана көңіл бөле бастайды.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ



ЖАУЫРЫНЫ ЖЕРГЕ ТИМЕЙ АЛТЫН АЛДЫ

Қазақ палуаны Ернар Фидахметов Түркияда өткен халықаралық турнирде алтын жеңіп алды.

60 келі салмақ дәрежесінде грек-рим күресінен өткен турнирдің ақтық сайысында отандасымыз Түркия спортшысы Экрем Өзтүрікті жеңді. Осы салмақтың қола жүлдесін тағы бір спортшымыз Ернұр Фидахметов қанжығасына байлады. Ол жарыс өткізуші елдің өкілі – Ахмет Учарды жеңді.

Айта кеткен жөн, жартылай финалда жерлестеріміз өзара кездесіп, жеңіс Ернарға бұйырған болатын.

Одан бөлек, құрама қоржынына 55 келіге дейінгі салмақта Аманғали Бекболатов күміс жүлде, 67 келіге дейінгі салмақта Мейіржан Шермаханбет қола медаль алып келді.

БАСКЕТБОЛ

МАҢЫЗДЫ ЖЕҢІС

Қазақстан құрамасы баскетболдан әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде жеңіске жетті.



Әлемдік аренада Steppen Wolves атымен өнер көрсететін баскетболдан ұлттық құрама Тегеран қаласында Иран спортшыларымен кездесті. Халықаралық баскетбол федерациясының рейтингінде 23-ші тұрған ирандықтар өз алаңында сайыс фавориті саналды. Алайда, осы рейтингте 70-орынға жайғасқан біздің команда сенсациялық түрде жеңіске жетті. Бұл ойын 2023 жылы өтетін әлем чемпионатының квалификациясы аясында ұйымдастырылған болатын.

Кездесу тартысты басталды. Алғашқы ұпайды біздің команда салғанымен, ұпай басымдылығы 5 минут арасында 9 рет ауысты. Дегенмен, уақыт өткен сайын алаң иелері шиырылып, ойын ырғағын басқара бастады. Бірінші айналымды Иран құрамасы 38:36 есебімен жеңіп аяқтады.

Үзілістен кейін ирандық баскетболшылардың басымдылығы айқын байқалды. Ойын аяқталуына 10 минут қалғанда отандық спортшылар 58:48 есебімен жеңіліп жатты. Бірақ біздің жігіттер берілген жоқ. Аз уақыт арасында қарсы команданың 10 ұпай басымдылығына жетіп қана қоймай, асып алдыға шықты. Соңғы минутта жанталасқан қарсылас шабуылдарынан сәтті қорғана білген біздің баскетболшылар 69:73 есебімен камбэк жасады.


Біздің құрамада ең нәтижелі ойыншы Николай Бажин (23 ұпай), ал Иран баскетболшыларынан Мұхаммед Джамшиди (32 ұпай) болды.

Айта кеткен жөн, Қазақстан құрамасы Иран баскетболшыларын осыған дейін 10 жыл бойы жеңе алмай жүрген.

ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

СҰҢҚАР БИІКТІ КӨЗДЕЙДІ

Әлемде «Спорт – адамды мықты етеді» деген сөз бар. Бұл дәлелденген теорема



Қазір жаһанда жанып тұрған спорт түрі – ережесіз жекпе-жек. Мұны тамашаламайтындар кемде-кем шығар. Әсіресе, жастар арасында танымал. Сондықтан болар, барша ғаламторда көп қаралымды жинайтын видеолар осы салаларда басымдау келеді. АҚШ, Еуропада ақтагонға барып жарыс көру үрдіс алған. Керек де-сеңіз, қаржы тігіп, жақүйерлік таныту қалыпты жәйт саналады. Осы жағынан

алғанда талғам талас тудырмайтынына куәгерміз. Соңғы уақыттары MMA, UFS бағыты орталық Азияға бет бұрғандай. Соның ішінде Қазақстанның орны айрықша дер едім. Қазір қазақ жастарының фаворитіне айналған спортшы Арман Оспанов өз тұғырында тұр. Ол нағыз қазақ, баһадүр рухты азамат екенін дәлелдеп жүр. Батырымыз туралы бірқатар зерделеулерді ортаға саламыз.

СПОРТҚА ҚАДАМ...

Ол Оңтүстік өңірдегі Ленгердің тумасы. Қарапайым ауыл баласы десек, артық айтпағандық болар. Ол жастайынан самбоға қызықты. Сонымен қатар, дзю-дзюитсуға қызығушылық танытты. Жаттығуын үзбеді. Оған жігер берген ішкі рухы болды. Арасында жарыстарға шығып тұрды. Сөйтіп, көпшіліктің назарын өзіне аударды. Бір қарағанда, қарапайым жан көрінеді. Ал сол қарапайымдылықты оның қазақы ортасы, қарапайымдылықтың қаймағы бұзылмаған туған өлкесі сіңірді. Сонау шыңы биікке ұмтылған Қаратау бөктері, саф-самал ауасы жас дарынның тынысын ашты. Өзінің ынтасы арқасында жауынгерлік самбо өнерінен түрлі жарыстарға бара бастайды.

Жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді

Арман Оңтүстік Қазақстан самбо мектебінің оқушысы. Ол жауынгерлік самбодан үш дүркін әлем чемпионы, жауынгерлік самбодан үш дүркін әлем кубогының жеңімпазы және бразилиялық джиу-джитсудан екі дүркін Азия чемпионы. Кәсіпқой аралас жекпе-жекте жеті жекпе-жек өткізіп, жеңіске жетті. Ол атакты Грег Джексонның жетекшілігімен өз академиясында Джон Джонс, Андрей Арловский (UFC-нің бұрынғы чемпиондары), Алистер Оверим (StrikeForce-тың бұрынғы чемпионы), Дональд Серроне және Джон Додсон (жарысқа үміткерлер) сияқты атакты жауынгерлермен бірге жаттығады. Жеңіл және жеңіл салмақ дәрежесіндегі UFC белбеуі).

Отандасымыз 2013 жылы Санкт-Петербургте өткен самбодан әлем чемпионатының финалында, кілемнен шығып кеткен ресейлік Руслан Гасанхановты 3:7 есебімен жеңді. 2014 жылы Жапонияда өткен самбодан әлем чемпионатының финалында Арман Оспанов түркіменстандық Ниязмұрат Шахмуратовты 6:0 есебімен жеңді. 2017 жылы 23 желтоқсанда



Мәскеуде өткен Absolute Championship Berkut 77 турнирінде ресейлік Алексей Полпудниковтен 4:1 есебімен жеңіліп қалды. 2018 жылдың 6 қаңтары Қазақ аралас жекпе-жек боксшысы Арман Оспанов ACB (Absolute Championship Berkut) турнирінде «Нкаут 2017» авторы атанды. 2020 жылдың 6 наурызында Қазақстанда өткен ACA 105 турнирінде Расул Мирзаев техникалық нокаутпен жеңіске жетті.

Жуырда Арман Оспанов Хабибтің промоушеніндегі жекпе-жектің сәті түспеді. Өмірде жеңіс пен жеңіліс қатар жүретіні айқын.

Ұлттық рух

Жерлесіміз өзінің рухани ойларымен ерекшеленеді. Әрбір жарысының алдында жанкүйерлеріне сенім ұялатады. Әрдайым қазақ халқының батыр, қайсар, ержүрек екендігін тілге тиек етеді. Сондай-ақ, тарих, шежіре, фольклорлық аңыздарда айтылатын баһадүр бабалардың сөздерін, ерлік істерін паш етуден жалықпайды. Ол жастарымыздың отансүйгіш, патриотқа айналғанын қалайды. Бұл жөнінде көптеген сұхбаттарында айтып келеді. Сонымен қоса, айтқан сөзін дәлелдеп жүрген арда азамат.

ТҮЙІН:

Әлемге әйгілі спортшы Мұхамед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс, арман, мақсат чемпионды тудырады» депті. Дөп айтылған ой. Дәл осыны Арман бауырымызға арнап айтқандай көрінеді. Лақап аты «Сұңқарға» сай биікті бағындырып, қазақтың абыройын асқақтата беруіне тілектеспіз.

Бетті дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН.



ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ЕСКІ ТЕЛЕФОН

(мәлтек сыр)

Біздің үйде ең алғаш телефон пайда болған кезде мен ойын баласы едім. Естеріңізде ме, жәшік секілді үлкен көлемді телефон аппараты? Мен ата-анамның сол бір сырты жылтыр, әдемі телефонның тұтқасын құлақтарына апарып әлдекімдермен сөйлесіп жатқандарына әрдайым қызыға қарап тұрушы едім. Жарқ-жүрқ етіп жылтырап тұратын тұтқаны мен де ұстасам ғой деп армандаушы едім. Бірақ қабырғаға ілінген телефонға бойым жетпейтін.



Кейінірек осы таңғажайып тұтқаның ішінде адам отыратынын білдім. Ол адамның атын да біліп алғанмын, есімі — Сәлеметсіз бе, Оператор. Ол маған жер бетіндегінің бәрін білетін адам боп көрінуші еді. Иә, Сәлеметсіз бе, Оператор көршілердің телефон нөмірінен бастап, пойыздардың жүру кестесіне дейін жатқа білетін.

Бірде саусағымды балғамен қатты соғып алдым. Жанымды қоймай ауыртып барады. Жылайын десем, үйде мені аяп, өбектей қоятын жан пенде жоқ, бәрі жұмыста. Сосын әлгі телефон ілініп тұрған қабырғаға орындықты сүйреп апарып, жақындатып қойдым да, үстіне шығып алып, тұтқаны көтеріп:

— Сәлеметсіз бе, Оператор, — деп тіл қаттым батылсыздау. Міне, қызық, арғы жақтан:

— Тыңдап тұрмын, — деді Сәлеметсіз бе, Оператор.

— Сіз білесіз бе, мен, мен... саусағымды... балғамен ұрып алдым...

Осылай деген мен жылап жібердім. Мені дәл сол сәт тыңдайтын адамның барына қуанғаным болар. Саусағымның басын аузыммен үрлеп-үрлеп қоямын.

— Анаң үйде ме? — деп сұрады Сәлеметсіз бе, Оператор.

— Үйде ешкім жоқ, — деп мінгірледім, көзімнің жасын бір сүртіп қойып.

— Қолың қанап тұр ма? — деп сұрады тұтқаның арғы жағындағы дауыс.

— Жоқ, бірақ қатты ауырып тұр.

— Үйде мұз бар ма?

— Иә, бар.

— Мұз тұрған қорапты аша аласың ба?

— Иә.

— Ендеше, бір түйір мұзды алып, ауырсынып тұрған саусағыңа баса ғой, — деп кеңес берді дауыс.

Осы оқиғадан кейін мен Сәлеметсіз бе, Операторға кез келген жағдайда қоңырау шалатын болдым. Тіпті, мұғалім берген есептің шешімін таппай отырсам да, сол кісіге телефон соғамын. Атжалманның не жейтінін де сұрап алғам. Ең бастысы, мені тыңдайтын адам бар. Бір күні үйдегі шымшығым өліп қалды. Мен бірден Сәлеметсіз бе, Операторға қоңырау соғып, жанымды жабырқатқан көңілсіз оқиғаны жеткіздім. Ол мені жұбата бастады. Сонда да тамағыма өкісі тығылып:

— Біздің отбасыға үнемі ән айтып беріп, үлкен қуаныш сыйлап жүрген сүйкімді құс неліктен өледі? Тордың түбінде қауырсындарын жастанып бүрісіп қалған кішкентай қорғансыз құстың өліміне жаным ауырып тұр, — деп кемсеңдеймін.

— Пол, — деді ол ақырын ғана жұмсақ үнімен мені тыныштандырмаққа, — әрқашан есінде болсын: жан-жағында ән салуға болатын басқа да әлем бар.

Неге екенін білмеймін, мен бірден тынышталдым. Келесі күні бейне ештеңе болмағандай, оған тағы қоңырау шалып, «fix» сөзі қалай жазылады?» деп сұрадым.

Мен 9 жасқа толғанда, біз басқа қалаға көштік. Жаңа қонысымызда, үлкен холдағы үстелдің үстінде жап-жана, әдемі телефон тұрды. Бірақ мен оған дым да қызықпадым. Бұрынғы үйімде қалған Сәлеметсіз бе, Операторды сағына бердім. Оны жиі есіме алатынмын. Жасөспірім кезімде де мен

оны ұмытпадым. Бір кездегі екеуара диалогтар, онда айтылған талай ақыл-кеңесі кейінгі өмір жолымда кездескен қиын сәттерде үлкен бағдаршам болды десем, қателеспеймін. Қазір ойлаймын, түсініксіздеу сауалы көп кіп-кішкентай мылжың балақаймен тең дәрежеде сөйлесіп, әрбір сөзіне ерінбей, жалықпай, аса ыждағаттылықпен жауап беріп отырған неткен төзімді, әдепті адам еді деп.

Колледжді бітіргеннен кейін, арада бірнеше жыл өткенде, сапарлатып келе жатып, туған қаламның үстінен жүріп өтетін болдым. Ұшаққа отыруға небәрі жарты сағат қана уақытым қалған. Сонда да аялдап, көшедегі телефон-автоматқа таяп келіп, өзіме таныс баяғы нөмірді тердім.

Міне, қызық! Арада қанша жыл өтсе де, жүрегімде жатталып қалған сол таныс дауыс, жылылыққа толы мейірімді үн. Сәл тосылыққырап қалдым да:

— Айтып жібермес пе екенсіз, «fix» сөзі қалай жазылады? — дедім тұтқаның арғы жағындағы адамға батылсыздау.

Бірден жауап болмады. Ұзақ үнсіздік орнады. Сосын барып жұмсақ үнді дауыс:

— Бұл күнде балғамен соғып алған саусағың жазылып кеткен болар, — деді мейірлене.

— Әрине, — деп мен шаттана күліп жібердім. — Бұл шынымен сіз бе?! Қызық, сонау шақтарда сізбен болған екеуара әңгіменің бәрі мен үшін қаншалықты маңызды болғанын білдіңіз бе екен!

— Ал маған сенің сансыз қоңырауыңның мен үшін қаншалықты маңызды болғанын білсең ғой! Менің ешқашан балаларым болған емес. Сондықтан болар, сенің әрбір қоңырауың маған қуаныш сыйлайтын.

Мен өзін ешқашан ұмытпағанымды айттым. Осы қалаға тағы жолым түсіп жатса, жүздессек, асықпай әңгімелессек бола ма деп сұрадым.

— Әрине, — деді ол, — келесі жолы қоңырау шалғанда мені Салли деп сұрасың.

Үш айдан кейін осы қалаға тағы жолым түсті. Маған басқа, мүлдем бейтаныс дауыс:

— Оператор тыңдап тұр, — деп жауап берді. Мен Саллиді шақырып жіберуін сұрадым.

— Сіз оның досысыз ба? — деп сұрады әлгі дауыс.

— Иә, ежелгі досымын, — деп жауап бердім.

— Кешіріңіз, өкінішке қарай, Салли бірнеше апта бұрын қайтыс болған.

Менің жүрегім дүрсілдеп кетті. Кеудемді қимастық сезімі кернеп әкетті. Сәл үнсіздіктен соң тұтқаны құлағымнан ала бергенімде, арғы жақтағы дауыс:

— Токтай тұрыңыз, сіздің атыңыз Пол емес пе? — деді.

— Иә, Полмын.

— Егер солай болса, Салли сізге арнап, егер қоңырау шалып қалар болса деп, бір жапырақ хат қалдырған-ды. Соны сізге оқып беруге рұқсат етіңіз. Қазір.., міне.., хатта былай жазылған: «Оған ән айтуға болатын басқа да әлем бар екенін есіне салшы. Ол түсінеді» (Пол Виллард, «Ескі телефон»).

Орыс тілінен аударған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

Адам жаны серпілуді, сергуді сүйеді. Күйзеліс ғаламшардағы алғашқы адамдармен бірге жаралған сияқты. Шындығында, эндокринолог Ханс Селье организмнің сыртқы факторларға деген реакциясын 70 жыл бұрын, яғни 1950 жылы анықтап, сипаттаған.



Сергектік көңілді жадыратады

Қазіргі кезде күйзеліс жиі кездеседі. Кез келген жерден пайда болатын проблемалар, дағдарыстар, экономикалық тұрақсыздық, вирустар жүйке жүйесін қатты сілкіндіреді және мұндай жағдайды бәрі бірдей көтере алмайды. Өртүрлі күйзелістерден аулақ болу үшін эмоционалды тұрақтылық пен өмірге деген позитивті

көзқарас қалыптастырған жөн. Сонымен қатар, қысқа уақыт ішінде стрестік жағдайдан шығудың сенімді тәсілдерін дамыту да маңызды.

Егер сіз жиі қажып, шаршағаныңызды, күйзеліске ұшырағаныңызды және жақындарыңызға ашуланғаныңызды сезсеңіз, онда мына кеңестерге құлақ түріңіз.

Жаттығу

Бұл – бұлшық етті күшейту және иммундық жүйені нығайту мүмкіндігі ғана емес, динамикалық спорттық жаттығулар барлық уақытта жағымсыз эмоциялармен күресудің ең жақсы әдісі болып саналды.



Жаттығу кезінде организм эндорфиндерді (бақыт гормондары) бөліп шығарады. Сонымен бірге, дене оттегімен қаныға түссе, ми тынығып, көңіл күй тез жақсарайды. Содан кейін біртіндеп агрессия, үмітсіздік және жүйке соққысы, шаршау жан тыныштығымен және өзіне деген сенімділікпен ауыстырылады. Қарқынды жүгіру энергияға жағады. Сондай-ақ, фитнес жаттығулары, бассейнде босаңсыған жүзу пайдалырақ.

Арт-терапия

Жантану ілімі адамзаттың ішкі сырына терең үңілген. Дәлірек тоқталайық. Дүниеде екі қасиет бойында бар жан алға өрлейді екен.



Біріншісі – бірнәрсеге ой жүгіртіп, ұшқыр қиялдай білу. Екіншісі – қолындағы қағаз-қаламмен игеріп, кескіндеме, суретті салып, былайша айтқанда шимақтай алу қажет екен. Міне, осындай қарапайым екі әдісті қолдана алғандар қабілеттілер қатарында саналатын көрінеді. Шындығында, мұның растығын жетістікке жеткен адамдардың өмірбаянын оқып, біліп көз жеткізудеміз. Арт-терапия – бұл бүкіл дененің күйіне әсіресе, жүйке жүйесіне жағымды әсер ететін көңілді және өте пайдалы іс-әрекет болып табылады.

Спиннер

Қарапайым заттар қарапайым жолмен жүйкені тыныштандырады. Дәл бүгінгі шақта керекті зат болып тұр.



Бір қарағанда, баланың қолынан түспейтін осынау ойыншық, ойдың серпілуіне септеседі. Бойыңыздағы артық стрестен арылуға көмегін береді. Мұны шетелдік ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген.

Еуропалықтар үшін спиннер сенімді құрал. Ол бұған ой тазалағыш деген атау берген. Сөйтіп, қолдары қалт еткенде осыны пайдаланады. Бұның айрықша әдістері мен қағидалары жоқ. Бар болғаны қолыңызда, саусақтарыңызбен түртіп қалсаңыз, зыр айнала жөнеледі. Мұны көбінесе басшы адамдар пайдаланады. Егер сізде бұл құрылғы үйде жатқан болса, оны тез арада қайта қолға алыңыз. Жүйке жүйесінің даму заңдылықтарын бір арнаға түсіру үшін пайдалана бастаңыз. Егжей-тегжей баяндалық.

Бірнеше жыл бұрын британдық инженер Кэтрин Хэттингер спиннер – зеріккен жасөспірімдердің ойыншығы болып қалмас үшін жанама дүние ойлап шығарады. Ол ересектерді сергек ететін ойыншық болды. Ақылды орнатылған подшипниктерден тұратын қарапайым аксессуар стресті тиімді түрде тарқатып қана қоймайды, жинақталған нашар аураны азайтып, жағымсыз ойлардан

алшақтатады. Иірілген жіптің өлшенген иірім-шоғыры жүйкені тыныштандырады. Сыртқы агрессияға төзімді рухани тосқауылды дамытады. Оның үстіне, әсерлі тәсілдер ойлап тапсаңыз, спиннер ойыны қызықты шоуға айнала алады. Қарап зер салсаңыз, қарбайыр заттың өзінің адамзатқа берер пайдасы мол екен.

● ТҮЙІН:

Пайдалы кеңестер әрдайым адамға сергек көңіл күй сыйлайды. Қарбалас ғалам адамның мүмкіндіктерін шектей алмайды. Болашақта адам баласы сандық форматты дамыта түседі. Бұл әр салаға қатысты айтылған пайым-түсінік. Сол сәтте ойды бір сәт серпілудің жолдарын іздейді. Қым-қуыт тіршілікте бәріміз тірлікке жегілу үшін емес, қайта жадырап жайнап, көңілімізді серпілтіп, рахаттанып ғұмыр кешкеніміз жөн деп білеміз.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Құрметті 2022 жылға бір жылға жазылған жазылушылар!
Жеңімпаздарды анықтау 2022 жылдың 10 наурызына ауыстырылды. Ол «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 17 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ІЛІМ

Тіл үйрену – заман талабы



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

**Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз заманында
70 тілді емін-еркін меңгерген деседі.
Халқымызда «бір тіл білсең бір адамсың,
екі тіл білсең екі адамсың» деген сөз бар.
Тегі дөп айтылған.**

Расында, қазіргі таңда көп тіл меңгерген адамдар сұранысқа ие болуда. Олар әлемді кезеді. Бір жағынан теориялық тұрғыда алған білімдерін, тәжірибелік мақсатта жетілдіреді. Осылайша бір оқпен екі қоян атады. Бұл да болса, заманның адам баласына берген мүмкіндігі іспетті.

Тіл білудің маңызы зор. Бүгінгі таңда көп тілді игеріп, нәпақасын тауып жүргендер қатары артқан. Ғалымдар полиглот болуға қызығуды жөн көреді. Неге десеңіз? Өйткені, тіл біліп, оны жақсы меңгергеніңіз өзіңізге жақсы. Дейтұрғанмен, оны кәдеге жарату – нұр үстіне нұр болар еді. Бір жағынан уақыттың талабы осы. Екінші бір қырынан алғанда, адамның ойлау қабілетін арттыратын көрінеді. Себебі, сіз ойланған кезде ми құрылысының қатпары қозғалады. Соның нәтижесінде сергектік пен жылдам ойлану сынды дағдылар қалыптаспақ. Егер де осының бәрін өз ретімен, жөн-жоралғысымен пайдалана алсаңыз, үлкен жетістіктерге жетудің баспалдағы болмақ.

Кәсіптің көзіне айналдыру. Дүние жүзінде тіл үйреніп, оны кәсіпке айналдырғандар көп болған. Кирилл Стасевич «Шет тілін білу кез келген жаста зерек ойлауға пайдасын тигізеді» дейді. Сөзінің жаны бар. Мәселен, сырт жаққа барсаңыз, міндетті түрде сол мемлекеттің тілін игеруіңіз шарт. Өйтпесеңіз, аш қаласыз. Тіпті, нан сұрап жей алмауыңыз мүмкін. Себебі, қажеттілік солай. Мысалы, АҚШ-қа бардыңыз. Сонда жұмыс жасағыңыз келді. Ағылшын тілін білу шарт. Онсыз қимылдай алмайсыз. Қимылдамақ түгілі су сатып алу мұң болмақ. Егер де аз-аздап болсын білсеңіз, әрмен қарата дамыту жеңілдей түспек. Сол себепті де, біртіндеп үйренген абзал.

Кәсіптің көзіне айналдыру дегеніміздің бір сыры осында жатыр. Ал өз еліңізде жүрсеңіз де пайда әкеледі. Біртіндеп өзіңіз білетін ағылшын, француз, түрік тілдерінен дәріс өткізуіңізге болады. Қазір осылай репетитор болатындар саны артуда. Себебі, олар осының кілтін тапты. Тіл игерді, одан қаражат табудың жолын білді. Сөйтіп, өз-өзін асырауға кірісті. Бұл да болса заманның талабы.

ТҮЙІН: Бұрынғы заман келмекке кетіп, жаңа әлемнің есігін ашып жатқандаймыз. Жастарымыз қиыннан қиыстырып, түркі халқының тіл семьясына жатпайтын, қытай, жапон, немісті үйренуде. Зер салсаңыз, үшеуі үш түрлі. Бір-біріне ұқсамайды. Соған қарап, адамзаттың бүгінгі қоғамға деген ойы өзгергендігін байқаймыз. Бәлкім, мұны адам баласының заман ығын білгендігі деп түсінсек артық болмас. Тіл үйреніп, оны кәдеге жаратқандар бәрінен озғандар десек, қателеспейміз.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

**2022 ЖЫЛҒЫ 25 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ**

Барлығы:
I компонент: 827 282
II компонент: 582 155

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 685 903 II компонент: 485 188	I компонент: 31 396 II компонент: 22 760	I компонент: 106 988 II компонент: 74 156

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:
* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbkvn@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



● МЕРЕЙТОЙ

ӨНЕГЕЛІ КЕШ

Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген әдеби-сазды іс-шара көпшіліктің көңілінен шықты

Аты аңызға айналған опера және эстрада әншісі Роза Бағланованың туғанына биыл 100 жыл толды. КСРО халық әртісі, Қазақстанның «Халық қаһарманы» Роза Тәжібайқызы – тұтас бір дәуірдің ұлттық символына айналған тұлға.

Өткен жылы қараша айында ЮНЕСКО 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізімін қабылдап, оған Қазақстанның ұсынысымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық және Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойларын енгізген болатын. Міне, сол жоспарға сәйкес, биыл Роза Тәжібайқызының мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіледі.

Осы мерейтойлар легін Алматыда алғашқы болып А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана бастады. Аптаның басында осы кітапханада Роза Бағланованың мерейтойына арналған «Айналайын халқымнан, еркелеткен» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.

Салтанатты шараға Роза Тәжібайқызының келіні Марал, көптеген жылдар бойы әйгілі әншінің концерттерін жүргізген, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Гүлшара Есетқызы, танымал әнші Макпал Диханбаева, Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің студенттері Ақгүлім Тәжіұлова, Ақжүніс Әзидолла қатысты.



Әдеби-сазды кешті Қазақ радиосының әдемі даусымен тәңті еткен дикторы Гүлмира Нәлібай жүргізді. БАҚ өкілдерінен Қазақстан арнасының «Таңшолпан» бағдарламасы түсірілім жасады.

Сонымен қатар, күміс көмей әншінің өмірі мен өнеріне арналған шығармалар көрмесі ұйымдастырылды. Тағылымы мол кездесуден тәлім алуды мақсат тұтып келген «Халықаралық туризмнің менеджмент колледжінің» студенттері ойларындағы сұрақтарын қойып, ұтымды жауаптар алды.

Өнер тарлауына арналған өнегелі басқосу қонақтардың да, арнайы келген жастардың да көңілінен шықты. Ерекше таланты мен керемет орындаушылық шеберлігінің арқасында халықтың сый-құрметіне бөленген Роза Бағланованың бай мұрасы мен жарқын бейнесі ұрпақ жадында мәңгі сақталатыны анық.

Ләззат СМАНҚҰЛОВА,
А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана
қызметкері.

● КИНО



«Көше ақыны» жүлде алды

Режиссер Самғар Рақымның Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген «Көше ақыны» қысқаметражды фильмі Нью-Йорктегі Meihodo International Youth Visual Media Festival халықаралық кинофестивалінде күміс жүлдесіне ие болды.

Биыл фестивальдің қазылар алқасын атакты француз актрисасы, «Оскар» сыйлығының иегері Жюльет Бинош басқарды. Сондай-ақ, қазылар алқасының құрамына «Оскардың» екі дүркін иегері, әйгілі америкалық актер Майкл Дуглас кірді.

Meihodo халықаралық визуалды медиа кинофестивалі жастарға және салаға жаңа қадам басқан кинематографистерге арналған. Бұл әлемдегі ең ірі қысқаметражды фильмдер фестивалдерінің бірі және биыл оның ұйымдастырушылары жеңімпаздарды алғаш рет NFT криптовалютасымен марапаттады.

«Көше ақыны» «Музыкалық бейне» санатында марапатқа ие болды. Сценарий негізінде әке мен баланың

өзара қарым-қатынасы тақырыбы жатыр. Фильм авторлары көрермендерге мынадай ғибратты еске салады: ұрпақтар қақтығысы әрқашан болған және болады, бірақ жастарды тыңдауға деген ұмтылыс, ата-бабаларымыз мұра еткен құндылықтарды сақтай отырып, уақыттың жаңа тенденцияларына бейімделе білу – бекер ысыраптан, жанжалдар мен түсініспеушіліктерден құтқаруы тиіс...

Фильм жобасы 2020 жылы ҰҚҚМО ашық байқауының жеңімпазы атанған. Ал өткен жылы Baionyr International Short Film Festival фестивалінде картинаға «Үздік монтаж» номинациясы бойынша марапат табыс-талған.

Нұр ЖАМАЛ.

● ӨНЕР – ӨРІС

Жанды суреттер



Динара
МҰРАТ

Алматылық мультипликатор мен публицист Глеб Пономорев танымал суретшілердің картиналарына тура мағынада жан бітіреді. Осы жолы ол Талғат Тілеужановтың «Әбілқайыр» картинасымен жұмыс істеуде.

Қимылдап, жан біткен батырлармен бейнероликтер әлеуметтік желілерде тез таралып, қазақстандықтардың қызығушылығын тудырған екен. Бұл шебердің мұндай форматтағы алғашқы жұмысы емес. Бұған дейін ол Әбілхан Қастеевтің, Әубәкір Ысмайыловтың туындыларына жан бітіріп, біраз жұртшылықты таңқалдырған.

Мультипликатор Глеб Пономоревтің бұл жұмысына шамамен 30 сағат кеткен. Суретті қимыл-қозғалысқа келтіру үшін оған әр жауынгер мен салынған ландшафты арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен сәйкесінше қабаттарға бөлуге тура келді. Автордың айтуынша, мұндай қажырлы еңбекке бел бууға оны жастарды рухани, мәдени байыту идеясы итермелеген.

– Мұның барлығы тұнып тұрған тарих. Аңыз-әңгімелер мен ертегілердің өзі неге тұрарлық? Неге біз сол өткеннің асылын жаңа өмірдің талабына сай етіп жандандырмаймыз? Жастарды тарихқа қызықтырамыз десек, олардың тілінде сөйлеуіміз керек, қазір танымалдылыққа ие құралдарға жүгінуіміз тиіс. Яғни бұрынғы ата-әжелеріміздің құралы – кітаптар қазіргі заманда құрал ретінде ескіргенін мойындау керек. Өкінішке қарай, қазір жастар кітапты бұрынғыдай көп оқымайды, – деді Глеб Пономорев.

Шебердің шабыт көзі – музейлер. Ол Әбілхан Қастеев сынды өзге де танымал суретшілердің бірнеше картиналарымен жұмыс істеген. Отандық тарих пен мәдениетке бет бұру жаңа технологияларды меңгерумен ете-не жүру керек деген ой келтіреді автор.

– Мен бұл картинаны интернетте кездейсоқ көріп қалдым. Ол уақытта туындының не авторын, не атауын білмеймін. Картинаны салған суретшінің есімін кейіннен білдім. Мен бұл картинаға жан бітіруді бірден ойға алдым. Өйткені, қазір біздің ой-өрісіміз визуалды дүниені ғана қабылдайды. Біз ұзын-сонар мәтіндерді, статикалық өрнектерді ауыр қабылдаймыз. Бәрінен іс-әрекет, динамика іздейсің, – деп ойымен бөлісті мультипликатор.

Болашақта Глеб «Жанды картиналар» жобасын тек қазақстандық суретшілердің картиналарымен толықтыруды жоспарлап отыр. Нұсқалары көп. Оның айтуынша, отандық кескіндеме мұражайына бір барып келудің өзі жеткілікті, шабыт бірден келеді.

● КҮНТІЗБЕ



Ақпан неге ең қысқа ай?



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Анашым, жақсы жаңалық айтайын ба сізге? Ақпанның 29-ы, 30-ы және 31-і бәрімізге демалыс екен! – деді қызым.

Басқа оймен отырған мен алғашында тосылыққа қалдым да, күлімдеп тұрған көзінен әзілі екенін түсініп қойдым. Себебі, ақпан – күнтізбедегі ең қысқа ай ғой, 28-імен бітеді. Сосын төрт жылда бір рет 29-ымен аяқталады.

Біздің ортақ бір танысымыз бар. Туған

күнін төрт жылда бір рет, 29 ақпанда жасайды. Біз оған «Сен бізден әлдеқайда жассың, осылай мәңгі жас қалпыңда жүре бергін!» деп тілек арнаймыз әзілдеп. Міне, ол биыл да туған күнін жасамайды. Себебі, биылғы ақпан 28 күнмен бітеді.

Қызық, жылдың әр айында күндер саны неге әртүрлі? Мәселен, ақпанда 28 немесе 29, сәуірде 30, ал маусымда 31 күн бар дегендей. Оның жауабы оп-оңай.

Біз білетін, қазіргі қолданыстағы күнтізбе Ежелгі Римнен келген. Әлемдегі көптеген ел осы Григориан күнтізбесін пайдаланады. Мұның негізін Рим императоры Юлий Цезарь бекіткен екен. Бастапқыда «әр айда 30 немесе 31 күн кезектесіп келуі керек» деп ұйғарылған көрінеді. Бірақ бұлай еткенде, бір күн жетпей қалғандықтан римдіктер «жаздың үш айы да 30 күннен болсын» деп шешкен. Юлий Цезарь өлгеннен кейін император туған жаздың шілде айына оның есімі беріліп, «июль» деп атала бастайды. Цезарьдің құрметіне берілген айда 30-ақ күннің болуы оны сыйламағандық болар деп шешкен Рим сенаты бұл айға тағы бір күн қосып, 31 күн етеді. Осы кезде тағы бір мәселе туындайды. Римді Цезарьдың жиені Октавиан Август басқарған кезде оның құрметіне қойылған август (тамыз) айы қалайша 30 күн болмақ? «Бірақ бұл айға күнді қайдан аламыз?» деп бас қатырғандар ойласа келе, қыстың уақытын азайту үшін оның ең соңғы айы – ақпанның бір күн алуды ұйғарыпты. Ал ол тұста жылдың соңы болып есептелетін ақпан айына 29 күн тиесілі болған. Осылайша ақпан айында 28 күн қалып, төрт жылда бір-ақ рет 29 күн сәйкес келетін болған.

Міне, қыстың соңғы айын да тәмамдадық. Көгілдір көктем де есік қағып келіп қалды. Енді жылы, сосын ыстық күндер басталады. Ең бастысы – Шығыс, оның ішінде Қазақ елі үшін жаңа жылдың басы – Наурызды қарсы аламыз. Ол күн де алыс емес.